



Сарқылмасын Сыр - Ана!



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

WWW.Qaa.kz

qaa.kz

Ақжелең Ақшамы Газеті

ЖЕҢІС КҮНІН ЖАҚЫНДАТҚАН ЖОСАЛЫНЫҢ ШОЙЫН МИНАСЫ

Жезқазған Жосалыдан бастау алды. КСРО ның Еңбек Кеңесі мен Қорғаныс Комитетінің 1925 жылдың 10 маусым күнгі Қаулысымен Атбасар түсті металдар трессі құрылды. Оған Қарсақбай комбинаты оның құрамындағы Жезқазған мыс балқыту зауытымен, Байқоңыр көмір шахталары, Жезқазған мыс кеніштері және Қорғасын кеніші енді.

Сол кездегі әкімшілік - территориялық бөлініске байланысты 800 мың шаршы метр болатын алып аймақ Қызылорда округіне жататын. Жаңадан салынып жатқан Қарсақбай зауытына темір жол бойындағы ең жақын орналасқан Жосалы стансасы болды. Қарсақбай зауытына қажетті барлық станоктар, жабдықтар мен жанар-жағар майларды темір жолмен жеткізілген вагондардан түсіріп, аттар пен түйелерге жегілген арбаларға тиіп 430 километр болатын Қарсақбайға жөнелту мақсатындағы база (перевалочная база) болды. Екі ортада арақашықтығы 20-25 км болатын 18 аялдама-бекеттері болды.

Керуен Қарсақбайға жеті күннен артық жүріп жететін еді. Базаға жүктер толассыз келіп, жол қашықтығына қарамай зауыт құрылысы жылдам қарқынмен жүріп жатты. Сол кездің өлшемімен бұл үлкен ауқымды құрылыс болатын. 1928 жылдың 19 қазан күні Қарсақбай зауытының өмірінде айтулы дата болды. Қарсақбай алғашқы металл бере бастады. Металлургияның өсуімен жергілікті жұмысшы маман кадрлар да, оның ішінде болашақ Жосалы механикалық зауыты кадрлары да өсе бастады.

Жосалы механикалық зауытына 1958 жылы комсомолдық жолдамамен орналасып токарь, слесарь, мастер, механикалық цех бастығы, бас механик, комсомол, кәсіподақ ұйымдарының жетекшісі болып 17 жыл еңбек еттім.

Қызылорда облысының ертеден келе жатқан өнеркәсіп орындарының бірі Жосалы механикалық зауыты болатын.

1939 жылы «Түстіметбарлау» тресінің құрамындағы Қарсақбай комбинаты автобазасының автомобиль жөндеу шеберханасының базасында тау-кен барлау жабдықтарына қажетті қосалқы бөлшектер шығару зауыты құрылды. Ұлы Отан соғысы жылдары зауыт соғыс мақсатындағы өнімдер шығарды. Одан кейін зауыт тау-кен барлау жұмыстарына қажетті бұрғылау жабдықтарын шығарумен айналысты.

Зауыт өзінің өнімдерін бұрынғы Кеңестер Одағының 400-ден астам геологиялық барлау мекемелеріне және Монголия, Вьетнам, Чехословакия, Куба, Ауғанстан, Иран, Ирак, Марокко, Венгрия, Герман Демократиялық Республикасы, Аргентина, мемлекеттеріне экспортқа шығарып отырды. КСРО ның құлауымен зауытқа металл жеткізу тоқтатылып, өнімге де сұраныстың ең төменгі деңгейге түсуіне байланысты жұмысын тоқтатты. Зауыттың аты өшті.

Қарсақбай комбинатының директоры Деев Иван Васильевичтің және комбинаттың бас геологы, Қазақстан ғылым академиясының болашақ бірінші Президенті Қаныш Имантайұлы Сатпаевтың бастамасымен 1930 жылы Қарсақбай мыс балқыту комбинатының Жосалы стансасында жөндеу шеберханасымен 300-350 автомобилі бар сол кездің өлшемімен үлкен автобаза ұйымдастырылды. Мекеменің негізгі мақсаты кеніш басынан мыс кендерін Жосалы темір жол стансасына тасу. Бас геолог Қаныш Сатпаев мамандар жұмыс істеп жатқан Жосалы стансасының нүктелерінде ғана болып қоймай, ол стансаға жақын ауылдар мен елді мекендерді аралап жергілікті кадрлардан жұмысшылар ұжымын қалыптастыру ісімен айналысты. Осы ісінде сол кезеңде ұйымдастырылып жатқан сауатсыздықты жою және бұрғышылар, лаборанттар, токарьлер, слесарлер мен шопырлар дайындайтын курстардан адамдар жинады. Кейбір курстарды Қаныш Имантайұлы өзі жүргізді.

Сол дәуірдің тынысын сол жылдарғы газет парақтары былайша білдіріп отырды: - «Сауатсыз жұмысшы бұрғылау станогын басқара алмайды. Бұрғылау – бұл қамшымен айдағанына жүретін мал емес, Ол техника - тек сауатты адамға ғана бағынады! Қазақ оян! Түйеден машинаға ауысатын кезің келді!» 1930 жылы құрылған автобаза тоғыз жыл жұмыс істеп «Қарағанды – Жезқазған» темір жолы іске қосылған 1939 жылы жұмысын тоқтатты.

7-бетте

Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ – БЕЙБІТ ХАЛЫҚ

Астанадағы Тәуелсіздік алаңында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай әскери парад өтті.

Салтанатты шараға 4000-нан астам әскери қызметші, 200-ден астам әскери техника, сондай-ақ майдандық, армиялық және әскери-көліктік авиацияның 66 ұшағы мен тікұшағы қатысты.

Әскери парадты Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Құрлық әскерлерінің Бас қолбасшысы генерал-майор Мереке Көшекбаев басқарды.

Мемлекет басшысы – Қазақстан Қарулы Күштері Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған әскери парадта сөз сөйледі.

– Биыл Ұлы Жеңіске – 80 жыл! Баршаңызға Ұлы Жеңіс күні құтты болсын! Бұл мейрам – халқымыздың жауынгерлік рухының символы. Біз елдік үшін күрескен батыр бабаларды ұлықтаймыз. Отан қорғау жолында опат болған боздақтарға тағзым етеміз. Бейбіт күнді қырағы күзетіп тұрған сарбаздарға құрмет көрсетеміз. Ұлы Отан соғысы бүкіл адамзат үшін өте қиын сынақ болды. Оның зардабы көптеген елге ауыр тиді, солардың ішінде Қазақстан да бар. Қаһарлы күндер соғыстың тек қасірет әкелетінін көрсетті. Бейбітшіліктің баға жетпес байлық екенін ұғындырды. Ұлы Жеңіс – тарихымыздың ажырамас бөлігі және күллі әлем үшін үлкен сабақ.

Аға буынның өшпес ерлігі – ұрпаққа ұлағат. Отаншылдығы мен жанқиярлығы – үлгі-өнеге.

Халқымыз Ұлы Жеңіске өлшеусіз үлес қосты. Ұлы Отан соғысы жылдарында майданға 1 миллион 200 мыңнан астам қазақстандық аттанды. Олардың тең жартысы ерлікпен қаза тапты. Келер ұрпақтың жарқын әрі бейбіт келешегі үшін өз өмірлерін құрбандыққа шалды. Даңқты ұл-қыздарымыз ерліктің озық үлгісін көрсетті. Қазақтың жаужүрек ұлт екенін паш етті. 500-ден астам жауынгеріміз Кеңес Одағының Батыры атанды. Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Сағадат Нұрмағамбетов, Иван Панфилов, Бауыржан Момышұлы, Нүркен Әбдіров, Мәлік Ғабдуллин, Сабыр Рахимов, Мәншүк Меметова, Әлия Молдағұлова, Рақымжан Қошқарбаев, Хиуаз Доспанова және басқа да көптеген қаһармандарымыз өшпес із қалдырды. Тыл еңбеккерлері соғыс жылдары жанкештілік пен табандылық танытты. Қазақстаннан майданға бір жарым мың вагон киім-кешек пен азық-түлік жіберілді. Елімізге жүздеген кәсіпорын көшірілді, көптеген жаңа өндіріс салынды. Олар өте қысқа мерзім ішінде майданға қажет өнімдер шығара бастады. Жұртымыз жұдырықтай жұмылып, күні-түні жұмыс істеп, қару-жарақ пен оқ-дәрі дайындады, әскери киім тікті. Соғыстағы он оқтың тоғызы Қазақстанда жасалды. Ұлы Жеңісті ұлықтау дегеніміз, бұл – ең алдымен, ержүрек батырларымызды жадымызда мәңгі сақтау деген сөз. Олардың ерлігі мен еңбегін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс.

Еліміз бойынша мыңдаған маңызды, ауқымы кең іс-шара өткізіліп жатыр. 500-ге жуық көшеге Қазақстан қаһармандарының есімі берілетін болды. Елімізде қазақстандық майдангерлерге арналған «Батырларға тағзым» атты шеру өтеді. Адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғысқа қатысушылардың ұрпағы аталарының суреттерін көшелермен алып жүреді. Бүгінгідей жаһандық саясатқа агрессия мен қатыгездіктің жөгі құрты дендеп өнген кезеңде соғыстың қасіретін еліміздің барша азаматына түсіндіру аса маңызды.

Ақиқатты танымай бейбітшіліктің қадірін білу мүмкін емес. Соғыстың тарихи ақиқатын, Ұлы Жеңістің мән-мағынасын қасақана бұрмалауға жол беруге болмайды.

Қазіргі құбылмалы заманда Қазақстан үшін ең басты мақсат – ұлт мүддесін қорғау. Сыртқы саясатымыз осы мақсатты қамтамасыз ету үшін жүргізіліп жатыр. Қазақ халқы – бейбіт халық” – деді Президент.

«ҰЛЫ ЖЕҢІС – ЕРЛІКKE ТАҒЗЫМ, ҰРПАҚҚА ҮЛГІ»

Қызылордадағы Нартай Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрында 7 мамыр - Отан қорғаушы күніне және 9 Мамыр - Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған «Ұлы Жеңіс - ерлікке тағзым, ұрпаққа үлгі» атты мерекелік шара өтті. Онда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев майдангерлер мен сарбаздарды мерекелен құттықтады.

– “Президентіміз, Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Мемлекет туған жері үшін аянбай еңбек етіп, әскери қызметке бүкіл ғұмырын арнаған отансүйгіш перзенттерін жан-жақты қолдауға айрықша мән береді. Біздің міндетіміз – жаңа геосаяси ахуалға сай еліміздің қорғаныс қабілетін одан әрі нығайта түсу», – деп атап өтті.

Еліміздің аумақтық тұтастығын сақтауда, ұлттық мүддесін қорғауда атына адал, сертіне берік айбынды әскеріміз өзіне жүктелген қастерлі міндетін мүлтіксіз орындауда.

Құдық қорғау органдары қоғамда заң мен тәртіпті, арнаулы қызметтер ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде. Құтқарушылар халқымыздың амандығы үшін аянбай тер төгуде.

Еліміздің армиясы заманауи қарумен, озық техникамен қамтамасыз етілген.

Мемлекет тарапынан әскерилерді, құдық қорғау, азаматтық қорғаныс органдарының қызметкерлерін әлеуметтік тұрғыдан жан-жақты қолдауға баса көңіл бөлінген. Жалпыұлттық бірлік пен саяси тұрақтылықтың нәтижесінде ел сыртты жаудан, іші даудан аман болып, мемлекетіміз орнықты дамып келеді.

Тәуелсіздігіміз бен байтақ жерімізді, тыныштығымыз бен бейбітшілігімізді қас қақпай күзетіп, халқымызға қорған болған ұлттық әскеріміздің мәртебесі асқақтай берсін!

Еліміз еңселі, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай!” - деді Н.Нәлібаев.

Рәсімде тыл және сала ардагерлері, мамандары “Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл” мерекелік медалімен және облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Мереке қарсаңында өңіріміздегі Ұлы Отан соғысының 2 ардагері, 1700 тыл еңбеккері Президент Жарлығымен «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

Сонымен қатар 5 мамыр күні Ақордада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы мемлекеттік наградалар, жоғары әскери атақтар, сыныптық шендер тапсыру рәсімінде жерлесіміз Рахымов Арман Тастемірулына сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің генерал-майоры арнаулы атағын берді.

ҒҰМЫРЛЫҚ БАЯНЫ БАЙ, ІЗІНДЕ ІЛКІМДІ ІСТЕРІ ҰШАН-ТЕҢІЗ...

4-5 беттерде

ЖЕҢІС КҮНІН АТАП ӨТУ – ЕРЛІКKE ҚҰРМЕТ

Тәуелсіз еліміз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңістің 80 жылдығын толағай табыстармен қарсы алуда. Бұл жеңісті тойлаудың өзіндік тарихы да бар. 2-ші Ойнеужүзілік соғыста Кеңес халқының фашизмді ойсырата жеңген 1945 жылдың 9 мамыр күні демалыс болып алғаш жарияланды. Иосиф Сталин Кеңес Одағын басқарған жылдары Ұлы Жеңіс күні 1945, 1946, 1947 жылдары аталып өтті. 1947 жылдың 27 желтоқсанындағы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының қаулысымен Жеңіс күнін атап өту тоқтатылды. Одан соң Никита Хрущевтің тұсында да бұл мереке атап өтілген жоқ. Тек 1965 жылы Мәскеу «Батыр қала» атағын алған жылы Кеңестер Одағы коммунистік партиясының Бас хатшысы болып Л.Брежнев бекінгеннен кейін барып үздіксіз аталып келеді.

Екінші дүниежүзілік соғысқа барлығы 61 мемлекет, әлем халқының 80 пайызы қатысты. Соғыс қимылдары 40 мемлекет жерінде жүріп, оған 110 млн. әскер тартылды. Соңғы деректерге сәйкес, 55 млн-ға жуық адам құрбан болды.

2018жылы «Фолиант» баспасынан шыққан «Қармақшы» атты кітапта:

«Майданға 1 млн 300 мыңнан астам қазақстандық қатысты. 600 мың адам, яғни, әскерге шақырылғандардың жартысына жуығы қаза тапты. Бұл сол кездегі Қазақстан халқының 11,2 пайызы еді. 1941 жылдың өзінде 178 мың қазақстандық әскерлер Қызыл Армия құрамында фашистерге қарсы соғысты. Майдандағы 10 оқтың 9-ы біздің елімізде жасалса, әскерге көмек ретінде Қазақстаннан 1500 вагон киім-кешек жөнелтілді» деген дерек беріледі.

Соны деректерге сәйкес, Қармақшы топырағынан 5 мыңға жуық боздақ соғысқа аттанды. Олардың 2507-і хабарсыз кетсе, 1205 қармақшылық соғыстан оралған жоқ. Қалған (563) майдангер елге оралып, еңбекке араласты.

500-ден астам жауынгер Кеңес Одағының батыры атағын алса, солардың қатарында 23 қызылордалық бар.

8-бетте

Белгілі жырау, Мәдениет қайраткері
Берік САЙМАҒАНБЕТОВ:

ЕРЛІК ПЕН ЕЛДІК ҰШТАСҚАН ТҰҒЫРЛЫ ЖОЛ

XX ғасыр адамзат тарихындағы ең қанқұйлы кезеңдердің бірі ретінде Екінші дүниежүзілік соғыспен ерекшеленеді. Бұл соғыс тек қана жаһандық геосаяси мүдделердің қақтығысы емес, сонымен қатар адамзаттың төзімділігі мен рухының сынға түскен алаңы болды. Әлем тарихындағы осы кезеңде қазақ халқының көптеген ұл-қыздары майдан шебінде ерен ерлік көрсетіп, ұлт рухының асқақтығын дәлелдеді.

Солардың бірі – Сыр бойының перзенті, Кеңес Одағының Батыры Тәйімбет Көмекбаев. Оның өмірі – тек әскери ерліктің ғана емес, сонымен бірге отан-сүйгіштік пен азаматтық жауапкершіліктің жарқын үлгісі.

Тәйімбет Көмекбаев 1896 жылы Сыр өңіріндегі Қармақшы ауданына қарасты №10 ауылда дүниеге келген. Қазіргі Тұрмағамбет атамыздың атындағы ауыл. Сыр бойының табиғаты мен дала өмірінің тіршілігі оны жастайынан шыдамдылыққа, еңбекқорлыққа және өр мінезділікке баулыды. Дала мектебі – көшпелі тұрмыстың даналығы мен тіршіліктің шынайы сабақтастығы еді. Жас Тәйімбет бала күнінен жылқы бағып, табиғатпен тіл табысқан төзімді де ширақ ұлан болып өседі.

7-бетте

Н.НӘЛІБАЕВ ЧАН КУОК ВАНМЕН БАУЫРЛАС

Қызылорда облысы әкімдігі мен Хынг Йен провинциясы арасында бауырластық қарым-қатынас орнату туралы меморандумға қол қойылды

Коммунистік партиясы Орталық комитеті Бас хатшысының Қазақстанға алғашқы сапарына екі ел арасындағы мызғымас достықтың айғағы деп баға берді.

тиімділік негізінде сауданы ілгерілету, инвестиция тарту және бірлескен кәсіпорындар құру көрсетілген. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп,



«Ақорда» резиденциясында елімізге мемлекеттік сапармен келген Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы То Ламды ресми қарсы алу рәсімі өтті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен То Лам бір-біріне делегация мүшелерін таныстырды. Бұдан кейін Құрмет қарауылының бастығы рапорт беріп, Қазақстан мен Вьетнамның мемлекеттік әнұрандары шырқалды.

Мемлекет басшысы Вьетнам

То Лам қазақ жерінде көрсетілген сый-құрмет үшін алғыс айтып, бүгінгі келіссөздердің нәтижесі Қазақстан мен Вьетнам арасындағы қарым-қатынастың көкжиегін кеңейте түсетініне сенім білдірді.

Жұмыс сапары аясында Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен Хынг Йен провинциясы Халық Комитетінің төрағасы Чан Куок Ван арасында бауырластық қатынас орнату туралы меморандумға қол қойылды.

Меморандумда теңдік және өзара

кәсіпкерлік және цифраландыру салаларында әріптестік орнатып, бірлескен жобаларды жүзеге асыру жоспарланды.

Тараптар жоғару оқу орындары, зерттеу институттары және білім беру ұйымдары арасында ғылыми-тәжірибелік кооперацияны дамытуға мүдделі.

Бірлескен мәдени іс-шаралар өткізу, туризм, қоршаған ортаны қорғау және басқа да салалар бойынша тәжірибе алмасу да қарастырылған.

ЕСКЕ АЛАМЫЗ...

Кеткендердің қайтып келмейтіні белгілі. Алайда, олардың тірі кезіндегі ізгі істері, қоғамға, елге жасаған қызметі, айналасына, отбасына қамқорлығы естен кетпейді. Әрбір отбасы үшін қайтыс болған жандарды еске алып, оларға құран бағыштап отыру – асыл парыз.

Қызылорда қаласында 1951 жылдың 5 қаңтарында дүниеге келген Әлібек Ахметовтің дүниеден өткеніне де 5 жыл уақыт өтіпті.

Әркімнің өз ғұмыры бар. Әлібек Абдуллаұлы 1958-ші жылы қаладағы С.Сейфуллин атындағы орта мектеп табалдырығын аттады. 1968-ші жылы оны бітіріп, Ташкенттегі радио және байланыс қызметкерлерін даярлайтын оқуға түсіп, оны 1975 жылы аяқтап, телецентрде инженер болып орналасты.

Өз ісіне ұқыпты, зерек, білікті маман ретінде 1982-ші жылы ішкі істер басқармасына байланысшы болып қызмет ауыстырды. Мұнда да кәсібилігімен, өз ісіне деген жауапкершілігімен әріптестері арасында беделі артып, қызмет бағытында бөлім басшысы орынбасарлығына дейін көтерілді. Милиция майоры шеніне қол жеткізді.

1997-ші жылы зейнетке шыққанға дейін елге, қоғамға адал қызмет етті.

Қоғамның қамқоршысы, тұрғындар тыныштығының, қауіпсіздігінің күзетшісі бола білген ол отбасында аяулы жар, асқар тау әке еді. Бүгінде оның 2 ұл, 3 қызынан тараған 13 немересі бар.

Әлібек ағамыз — тек өз отбасының ғана емес, бүтін бір әулеттің тірегі, ағайын-туыстың арқа сүйері, ұжымның үлгілі азаматы еді. Өмірінің әр сәтінде өзгеге енеге болып, айналасына жылу сыйлап өтті. Ондай жанның орны әрдайым ерекше, жоқтығы жүрекке ауыр.

Екінішке орай, 2020-шы жылдың 14 мамырында ол дүниеден өтті. Артында жүріп өткен өмір, атқарған қызмет жолы, өзі туралы ел ішінде жақсы естелік, ізгі сөз қалды.

Уақыт зырғып өтсе де, жарқын бейнесі, ізгі істері, адамдық келбеті ұмытылмайды. Халық жүрегінде қалу — екінші біріне бұйыра бермейтін бақ. «Беу, дүние-ай!» — деп тебіrentкен өлеңнің әр жолы бүгінде шын мәнінде жүректің үніне айналды.

Асыл азамат артында сөз қалар, іс қалар, ұрпақ пен ұжым қалар. Солар онымен мақтанып, аманатын абыроймен жалғар...

Жаны жаннатта, топырағы торқа болсын дейміз.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жаңадария ауылдық округіндегі Тұрғын үй-91 көшесіне «Құмқала» атауын беру жөніндегі жергілікті қоғамдастық мүшелері мен ауыл тұрғындарының жиналысы 2025 жылдың сәуір айының 29-ы күні өткізілді. Күн тәртібінде: Жаңадария ауылдық округіндегі жиналыс қорытындысымен Тұрғын үй-91 көшесінен «Құмқала» көшесіне атауын өзгерту бір ауыздан қолдау тапты.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» № 153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес «Қызылорда қаласының Қарауылтөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 8 (7242) 21-33-21 «Сенім телефоны» жұмыс жасайтынын және Қарауылтөбе ауылдық округі әкімімен азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау әр аптаның сәрсенбі күні сағат 15.00-ден 19.00-ге дейін жүргізілетіндігін хабарлайды.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 29 декабря 2015 года № 153 «О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих Республики Казахстан» и Законом Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года №410-V «О противодействии коррупции» сообщаем, что, в **коммунальном государственном учреждении «Аппарат акима сельского округа Карауылтөбе города Кызылорды»** работает «Телефон доверия» 8 (7242) 21-33-21 и прием граждан по личным вопросам Акимом сельского округа Карауылтөбе проводится каждую среду недели с 15.00 до 19.00 часов.

ТҮЗЕТУ

«Ақмешіт ақшамы» газетінің 2025 жылдың 1 мамырында жарық көрген 17 нөмірінің 7-бетінде жарияланған «ХАБАРЛАМАДАҒЫ» «2025 жылғы «20» маусым сағат 19⁰⁰ - ге дейін қабылданады» деген сөздер «2025 жылғы «23» маусым сағат 19⁰⁰ - ге дейін қабылданады» деген сөздермен, «2025 жылғы «21» маусым күні сағат 10⁰⁰ - де басталады» деген сөздер «2025 жылғы «24» маусым күні сағат 17⁰⁰ - де басталады» деген сөздермен, 2025 жылғы 21 маусым сағат 10⁰⁰ - ге дейін ашуға болмайды» деген сөздер «2025 жылғы 24 маусым сағат 17⁰⁰ - ге дейін ашуға болмайды»» деген сөздермен ауыстырылсын.

ИСПРАВЛЕНИЕ

В газете «Ақмешит ақшамы» от 1 мая 2025 года в №17 на странице 7 было опубликовано Объявление следующего содержания: «Прием заявок на участие в конкурсе начнется с 9-00 часов «2» июня 2025 года до 19-00 часов «20» июня 2025 года в коммунальном государственном учреждении «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Жалагашского района», расположенном по адресу: Жалагашский район, поселок Жалагаш, улица Желтоқсан №3. Проведение конкурса состоится в 10-00 часов «21» июня 2025 года в актовом зале акимата Жалагашского районного по адресу: Жалагашский район, поселок Жалагаш, улица Айтеке би №12».

В строке «Прием заявок на участие в конкурсе начнется с 9-00 часов «2» июня 2025 года до 19-00 часов «20» июня 2025 года...» нужно читать «Прием заявок на участие в конкурсе начнется с 9-00 часов «2» июня 2025 года до 19-00 часов «23» июня 2025 года...», далее по тексту. В строке «Проведение конкурса состоится в 10-00 часов «21» июня 2025 года...» нужно читать «Проведение конкурса состоится в 17-00 часов «24» июня 2025 года...», далее по тексту.

В закрытом конверте конкурсного предложения нужно указать: «Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» и «Не может быть открыт до 17-00 часов «24» июня 2025 года».

Сұрағым бар...

ӘСКЕРИЛЕРДІҢ ТӨЛЕМІ КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРЫЛАДЫ

2024 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде мерзімді әскери қызмет өткеретін азаматтар микрокредиттер мен банктік қарыздар бойынша өз міндеттемелерін орындауды кейінге қалдыру құқығына ие болды. Қағидаларға сәйкес, барлық қызмет ету мерзіміне және демобилизациядан кейін 60 күн ішінде пайыздар, айыппұлдар мен өсімпұлдар есептелмей төлем мерзімі кейінге қалдырылады.

2025 жылдың басындағы деректерге сәйкес, мерзімді әскери қызметке шақырылған 22,4 мың қарыз алушының 20,1 мыңының қарыздары кейінге қалдырылды. Кейінге қалдырылған қарыздардың жалпы сомасы 7,5 млрд теңгені құрады.

– Төлем мерзімін кейінге қалдыру үшін не істеу керек?

– Төлем мерзімін кейінге қалдыру өтінішсіз беріледі: шақыру туралы деректерді Қорғаныс министрлігі кредиттік бюроға, содан кейін банктер мен микроқаржы ұйымдарына жібереді. Банктер мен микроқаржы ұйымдары хабарламаны алған сәттен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде төлем мерзімін кейінге қалдыруды рәсімдеуге міндетті.

Ақпараттандыру жазбаша және/немесе онлайн режимінде **жеке қатысу қажеттілігінсіз** немесе қосымша келісімдерге қол қоюсыз жүзеге асырылады.Шара негізгі борыш пен есептелетін

сыйақыға қолданылады.

Сондай-ақ, кейінге қалдыру кезеңінде айыппұлдар, өсімпұлдар есептеуге және өндіріп алу шараларын қолдануға тыйым салынады. Әскери бөлімнің тізімінен мерзімінен бұрын шығарылған жағдайда төлем мерзімін кейінге қалдыру тағы **60 күнге** сақталады.

Төлем мерзімін кейінге қалдырудан бас тартуды қаласа, қарыз алушы күнтізбелік 14 күн ішінде жазбаша өтініш жолдауға құқылы, мұндай жағдайда кредитор кейінге қалдыруды қолдануды жояды.

Егер кредит бойынша сот шешімі шығарылса, татуласу келісімі жасалса немесе атқарушылық жазба рәсімделсе, төлем мерзімі кейінге қалдырылмайды. Төлем мерзімі автоматты түрде кейінгі қалдырылмаған жағдайда, әскери қызметші:

- қаржы ұйымына жазбаша өтініш жібере алады;

- Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне жүгіне алады.

2025 жылғы 9 сәуірде Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары қаржы нарығын дамыту және қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі заң жобасын екінші оқылымда мақұлдады. Түзетулердің қатарында - әскери қызметшілерге мерзімді әскери қызмет өткеру кезеңінде қарыз беруге тыйым салуды енгізу.

НЕОНАТОЛОГ – АНА МЕН БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫНЫҢ ҚОРҒАУШЫСЫ

Қайсыбір заманда, қайсыбір қоғамда болмасын ана мен бала өмірі аса маңызды. Қазіргідей медицина дамыған тұста ананың сәтті босануы, баланың дені сау болып дүниеге келуі көп қиындық келтірмейді.

Жалпы әрбір әйел-ана аяғы ауыр болғаннан-ақ өзінің, сәбиінің денсаулығының қауіпсіздігіне кепіл болатын жақсы аурухана, білімді акушер-гинеколог іздейтіні анық. Әрине түсінікті. Дегенменен дәрігер неонатологтың да баланың өсіп-жетілуінде ролі зор. Мықты неонатолог сәби дүниеге келгеннен бастап ол 6 айлық болғанға дейін бақылауда ұстайды. Содан да сәбидің денсаулығына неонатолог толықтай жауапты десе де болады.

Білімді неонатолог маман сәбидің мүгедектігін ерте анықтап, ерте ем бастай алады. Әйел ананың босануы қиын болған жағдайда, сондай-ақ сәбидің туа бітті сырқаттары болғанда неонатолог бала өмірін сақтап қалуға бірден-бір себепші. Содан да ана мен бала денсаулығын сақтауда неонатолог орны ерекше.

Көп ретте неонатологтың қандай қызмет атқаратынына мән бермей жатамыз. Балалар неонатолог дәрігері дегеніміз жаңа туған сәбилердің нағыз

қамқоршысы. Жаңа туған сәбилер реанимациясы, шала туған сәбилерді сауықтыру, мерзімінен ерте туған сәбилерге күтім жасау, тұқымнан берілетін ауру түрлерін зерттеу, сәбиді құнарлы тамақтанумен қамтамасыз ету үшін дұрыс емізуді үйрету, сәбилердің айналаға үйренісу әдістерін зерттеу, иммунитетті зерделеу неонатологтың негізгі қызметтері.

Өте жауаптылықты, ыждағаттылықты, кәсібилікті талап ететін бұл қызметте неонатолог жаңа технологиялар менен әдістемелерді, құрал-жабдықтарды меңгеру үшін үнемі ізденісте болу керек.

Сәбидің зат алмасу процесі бұзылғанда, көзі ісініп ауырғанда, денесіне әртүрлі бөртпелер шыққанда, кіндігі қанағанда тағы да басқа сәби мазасызданған жағдайда неонатолог емі бірден қажет.

Неонатолог сәбидің ішін, мойнын, басын, жыныс мүшелерін бірден қарап, тексеруі керек. Қолымен басып көргеннің өзінде-ақ сәбидің талағының, бауырының, ішкі құрылысының тағы да маңызды тұстарын бірден анықтай алуы – неонатологтың білімділігіне байланысты. Тіпті сәби дәретінің жағдайы

да неонатолог дәрігер назарынан тыс қалмауы керек. Сәбидің туа бітті сырқаттарын анықтау үшін иығын, бұлшық еттерін бір тексеріп алу керек. Әсіресе баланың еңбегі көп жағдайдан хабар береді. Содан да бас сүйектерін мұқият қараған жөн. Жүрек соғысы, өкпе демі де – сәбидің денсаулығынан хабар беруші. Аяқ башпайларын, қол саусақтарын бүгіп, жазып, алақанын ашып қарағанда да неонатолог сәбидің денсаулығын зерттейді.

Елімізде соңғы 10 жылда сәби өлімі 32%-ға төмендеген. Әрине, бұл перинаталдық орталықтардағы дәрігерлік қызмет сапасының жақсаруымен қатар неонатолог дәрігерлердің де ыждағатты еңбегі.

Жалпы сәбидің денінің саулығы – ана бақыты, отбасы шаттығы. Содан да неонатолог дәрігерлерге жүктелер жауапкершілік жүгі жеңіл емес.

Бұл саладағы тағы бір жаңалық - жасанды интеллектіге негізделген технологияларды күнделікті қолданысқа енгізу жоспарлануда. Ғылым дамыған сайын медицина да жетіліп отыратыны белгілі. Қай кезде де жаңа технология - уақыт жемісі.

Гүлмира ТҰРҒАНБАЕВА
облыстық перинаталдық орталығы

МЕНШІК ИЕСІ:

«Желтоқсан и К» ЖШС

Бас редактор

Сәрсенкүл Бәйдешқызы

БИҚОЖАЕВА

Бас редактордың орынбасары

Айдана ӘЛИАРЫСТАН

Редакцияның мекен-жайы:

Қызылорда қаласы
Абай даңғылы, 59/1

Телефон: 23-16-08
23-16-11

(E-mail: a_akshamy@mail.ru)

Газет Қазақстан Республикасы

Байланыс және Ақпарат Агенттігінде

тіркеліп

№14611-Г «7» қараша

2014 жылы куәлігі берілген.

Алғашқы есепке қою кезіндегі

нөмірі мен мерзімі

№1026-Г - 11.01.2000 ж

Газет аптасына бір рет жарық көреді

ТАРАЛЫМЫ: 4000

Газет редакцияның компьютерлік

орталығында теріліп, беттелді. Газет

Қызылорда қаласындағы

«PRINT» баспаханасында

басылды.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы,
А.Байтұрсынов көшесі, №49

Таралу аумағы:

Қазақстан Республикасы

Тапсырыс

Газет бетіндегі жарияланымдардың

позициясы мен фактілері үшін

редакция жауап бермейді.

Қолжазбалар өңделеді және

авторларға қайтарылмайды.

Газет материалдарын көшіріп басу

үшін міндетті түрде редакцияның

руқсаты керек.

Сурет сапасына редакция жауап

бермейді

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ЖАЙЛЫ БОЛУЫ ҮШІН...

Президент Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары Дархан Сатыбалдының төрағалығымен мәжіліс өтті. Күн тәртібінде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын жүзеге асыру барысы талқыланды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Аймақта «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен 2023 жылы 6 900 орындық 10 мектептің құрылысы жүргізіліп, пайдалануға берілуде. Облыс әкімдігі жергілікті бюджеттен бөлен 118 млн. 400 мың теңгеге мектептерге инфрақұрылым жеткізу үшін жоба-сметалық құжаттар әзірленіп, жұмыс толығымен аяқталды. Сонымен қатар мектептердің іргелес аумақтарын абаттандыруға, жол салуға жергілікті бюджеттен 2 млрд. 80 млн. теңге келтіріп, қаржының толық игерілуін қамтамасыз етіңіздер. Автомобиль жолдары мен көшелерді салу, жөндеу жұмыстарының сапасын қатаң бақылауға алыңыздар. Жобалардың мерзімінде аяқталуын басты назарда ұстаңыздар», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

ЖОЛ ЖАҚСАРСА, ӨҢІР ДЕ ЖАҚСАРАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте жол инфрақұрылымын дамыту мәселесі талқыланып, жауапты сала басшылары мен аудан әкімдеріне бірқатар тапсырма берілді.

– «Биылғы меже – жақсы жағдайдағы жолдардың үлесін 95 пайызға жеткізу. Былтыр жөндеуден өткен жолдардан анықталған кемшіліктерді шұғыл қалпына келтіріп, қаржының толық игерілуін қамтамасыз етіңіздер. Автомобиль жолдары мен көшелерді салу, жөндеу жұмыстарының сапасын қатаң бақылауға алыңыздар. Жобалардың мерзімінде аяқталуын басты назарда ұстаңыздар», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Облыс аумағында жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының ұзындығы 3545 шақырым болса, оның 1024,5 шақырымы республикалық, 555 шақырымы облыстық, 1965,5 шақырымы аудандық маңызы бар автомобиль жолдары. Өткен жылы жол инфрақұрылымын дамытуға республикалық және облыстық бюджеттен 44 млрд. 703 млн.теңге қаржы бөлініп, 300 шақырымнан астам автомобиль жолдары, көшелер және көпір өткелдері жөндеуден өткізілді. Биыл 33 млрд. 602 млн. теңге бөлініп, 329 шақырым автомобиль жолдары, көшелер мен көпір өткелдерін жөндеу жоспарланған.

Өткен жылдың соңында облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық индикаторлық көрсеткіштерінің үлесі 92,5% болса, биыл бұл көрсеткіш 95%-ға жеткізілмек.

ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫНДАҒЫ ЖҰМЫС АЯҚТАЛУҒА ЖАҚЫН

Аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының тапсырмасына сәйкес облыс әкімінің орынбасары, аппарат басшысы, қала әкімі Қызылорда қаласындағы құрылыс нысандарын аралады. Мәслихат төрағасы да нысандардағы жұмыс барысын көріп шықты. Олар алдымен физика-математика мектеп-интернатына барды. Мұнда ішкі әрлеу жұмыстары бітуге жақын. Қазіргі таңда техникамен жабдықталып, аумағы абаттандырылуда. Құрылыс басында 150 жұмысшы және 20 арнайы техника жұмылдырылған. Одан кейін



Сырдария өзенінің сол жағалауындағы тарихи-мәдени мұра орталығының құрылысын көрді. Нысанда жер қазу, іргетас құю, кірпіш қалау, шатыр жабыны толық аяқталған. Ішкі және сыртқы әрлеу, инженерлік жүйелерді және техникалық жабдықтарды орнату кестеге сәйкес орындалуда. Әрі қарай музыкалық колледждің құрылыс алаңындағы жұмыс қарқынын бағамдалды. Бүгінде жер жұмыстары, іргетас құю, кірпіш қалау бітіп, витраж орнатылған, су, қаріз, газ, электр желілерімен қамтамасыз етілуде.

ЖЕҢІСТІҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫ АРҚАУ БОЛДЫ

Қармақшы ауданында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған мәдени-көпшілік іс-шаралар ұйымдастырылды. Негізгі шара аудан орталығындағы «Мәңгілік алау» мемориалдық кешенінде өтті. Шара «Қаһарман ұрпаққа тағзым» атты театрландырылған қойылыммен басталды. Қойылым барысында Екінші дүниежүзілік соғыстың ауыр сәттері сахналық көріністер арқылы көрерменге шынайы жеткізілді. Бұдан соң қатысушылар «Тағзым алаңына» гүл шоқтарын қойып, сұрапыл соғыста қаза тапқан жауынгерлер рухына тағзым етті. Мемлекеттік Гимн орындалып, тарихи ерлік пен ел бірлігіне құрмет білдірілді.



Мерекелік шараның жалғасы ретінде Кеңес Одағының Батыры Тәйімет Кемекбаевқа арналған мемориалдық белгінің салтанатты ашылу рәсімі ұйымдастырылды.

Салтанатты бөлімде облыс әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің Байқоңыр кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Ырзақұлұлы сөз сөйлеп, жиналған қауымды Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерейтойымен құттықтады. Ол өз сөзінде батыр бабалардың ерлігі — ел тарихының алтын парағы екенін атап өтіп, бейбіт өмір мен тәуелсіздіктің қадірін ұғынуға шақырды.

Қармақшы ауданында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған бірқатар тағлымды іс-шаралар жалғасуда. Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда аянбай еңбек еткен ардагерлерге арналған ас беріліп, ерекше құрмет көрсетілді. Іс-шарада аудан әкімі Жандос Еркінбек сөз сөйлеп, жиналған қауымды Жеңіс мерекесімен құттықтады. Ол өз сөзінде Отан үшін от кешкен майдангерлердің ерлігі мен тылдағы азаматтардың жанкешті еңбегі ұрпаққа үлгі, елге мұра екенін айрықша атап өтті.

Салтанатты жиын аясында тыл ардагерлеріне Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» біріңғай мерекелік медалі табысталды. Бұл марапат — елдің тыныштығы мен болашағы үшін тынбай еңбек еткен жандардың еңбегіне берілген жоғары бағаның белгісі. Өз кезегінде тыл ардагерлері де көрсетілген ілтипат пен мемлекеттік деңгейдегі құрмет үшін алғыстарын жеткізіп, елге тыныштық пен бірлік тіледі.

Бұл шаралар арқылы ұлттың тарихи жады жаңғырып, жас буынға бейбіт өмірдің бағасын түсіндіру мақсаты жүзеге асып келеді. Тыл ардагерлерін марапаттау шарасы аудан көлемінде өлі де жалғасады.

“ДОСТЫҚ ҮЙІ ДЕМЕУШІСІ – “ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП”

Қызылордадағы «Достық үйі» алаңында 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне орай «Сыр елі – татулық пен келісімнің мекені» атты мерекелік шара өтті. Алаңда қолөнер бұйымдарының, жас суретшілер туындыларының көрмесі ашылды. «Құстар фести-валі» де мерекенің сәнін келтіріп, жұртшылыққа ерекше көңіл-күй сыйлады.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аймақ тұрғындарын бейбітшіліктің, келісімнің мерейлі мейрамымен құттықтады.

– «Бір мүдде, бір мақсат жолында ұйысып, ынтымағы жарасқан елдің бірлігін сақтау – баршамыздың азаматтық парызымыз. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Егеменді-гіміздің мәңгілік ұштағаны – байтақ жерімізді, қастерлі тілімізді және береке-бірлігімізді көздің қарашы-ғындай сақтауымыз керек» - деген болатын. Еліміздегі этносаралық достық пен бірліктің үлгісін әлемге танытқан, жалпыұлттық тұрақтылық пен қоғамдық келісімнің қайнар бұлағы болған Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерейлі мерекесімен баршамызды құттықтаймын!» - деді аймақ басшысы.

Нұрлыбек Машбекұлы жақында ғана Мемлекет басшысының төрағалығымен өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясында талқыланған мәселелерге, болашаққа бағытталған тың бастамаларға тоқталды. Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен, жерлестеріміздің берекелі бірлігінің арқасында Сыр өңірінде жүзеге асқан жаңашылдықтарды атап өтті. Өңіріміздегі 30-дан астам этнос өкілдерінің экономика, мәдениет, спорт, білім, ғылым салаларының дамуына, еліміздің өркендеуіне қосқан үлесін жоғары бағалады.

– “Барлық ауданда ішінде неке қию залы, кітапхана, музей, архив, жастар, ардагерлер мен аналар үйі бар, құны 11 млрд. 500 млн. теңге болатын «Руханият орталықтары» салынып, елдің ынтымағын нығайтуға бағытталған маңызды жобалар қолға алынды. Орталықтардағы «Қоғамдық келісім» кабинеттері этнос өкілдерінің мәдени-рухани бірегейлігін сақтауға мүмкіндік береді. Биылғы Ассамблеяның 30 жылды-ғы аясында баршамыз үшін қуаныш-ты жаңалық - Қызылорда қаласында “Қазатомөнеркәсіп” ұлттық компания-сының демеушілігімен, құны 3 млрд. 800 млн. теңгені құрайтын жаңа «Достық үйі» салынады.

Осы шарадан кейін өздеріңізбен бірге барып, жаңа ғимараттың іргетасын қалаймыз, - деді аймақ басшысы. Мерекеді этномәдени бірлестіктер мүшелері Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған медальмен марапатталды. ***

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Мейіржан Юсуповпен кездесті. Басқосуда ұлттық компанияның демеушілігімен 3 млрд. 800 млн. теңгеге салынатын жаңа «Достық үйінің» құрылысы талқыланды.

– “Биыл - этносаралық түсіністіктің үлгісін әлемге танытқан Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы. Осы мерейлі жылда жаңадан салына-тын «Достық үйі» – өңір халқының бірлігі мен ынтымағын нығайтуға атсалысқан этномәдени бірлестіктерге арналған, барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етілген заманауи ғимарат болады. Бүгін өзіңіздің қатысуыңызбен оның іргетасын қалау рәсімі өтеді. Сізге және компания ұжымына Сыр жұртшылығының атынан шынайы алғысымызды білдіреміз», - деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Кездесуде Мейіржан Юсупов екіжақты әріптестіктің алдағы уақытта да нығая түсетініне сенім білдіріп, жоспарларын бөлісті.

«Қазатомөнеркәсіп» компаниясы-ның қажетті жабдықтарды сатып алу жүйесіне жыл сайын шамамен 3 мыңға жуық кәсіпкер қатысады. Соның ішінде қызылордалықтар үлесі – 7%, яғни шамамен 200 кәсіпкер. Облыста 65 мыңға жуық кәсіпкер жұмыс істейді, оның 4500-ге жуығының жұмысы өндіріске бағытталған. ***



Қазақстан халқының бірлігі күнінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қызылорда қаласында «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамының қолдауымен бой көтеретін «Достық үйінің» жаңа ғимаратының іргетасын қалау рәсімі өтті. Салтанатты шараға Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мұрат Ерғешбаев, мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Бақтиярұлы,

«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Мейіржан Юсупов, зиялы қауым өкілдері мен сала басшылары қатысты.

Облыс әкімі жиналған жұртшылықты Қазақстан халқының бірлігі күнімен, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығымен құттықтап, өңірдегі жобалар мен жаңа орталықта атқарылатын жұмыстарға тоқталды.

– «Береке-бірлігіміздің ұйытқысына айналып, еліміздегі этносаралық достық пен бірліктің үлгісін әлемге танытқан Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына биыл 30 жыл толды. Аталған құрылым бүгінде халқымызды бірлікке, достыққа үндейтін жалпыұлттық келісімнің негізіне айналды.

Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIV сессиясында: «Былтыр еліміздің рухани және тарихи-мәдени ордасы Түркістанда жаңа “Достық үйі” ашылды. “Достық үйлері” тағы бірнеше қала мен аудан орталығында ашылады деп жоспарлануда. Мен бұл бастаманы қолдаймын. Біз қоғамдық келісім инфрақұрылымын біртіндеп кеңейте беруіміз керек», - деген болатын.

Жаңа «Достық үйі» – аймағымыздың бірлігі мен ынтымағын нығайтуға атсалысқан этномәдени бірлестіктер мен

ассамблея белсенділері үшін барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етілген заманауи ғимарат болады», - деді Н.Нәлібаев.

Жаңа нысанның іргетасын қалау рәсімінде Мейіржан Юсупов “Достық үйі” ел игілігіне, жақсылыққа қызмет етсін деген тілегін білдірді.

Сондай-ақ, Руслан Рүстемов, Мұрат Ерғешбаев, Мұрат Бақтиярұлы сөз сөйлеп, рәсімге қатысушыларды мерекемен құттықтады.

ОҢҒАРБАЕВ МЕРЕКЕЛІК МЕДАЛЬ ТАБЫСТАП ЖҮР...

Арал ауданы әкімі Аманжол Оңғарбаев қаладағы тыл ардагерлерінің шаңырағына барып, Мемлекет басшысының жарлығы бойынша берілген «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» мерекелік медалін табыстады. Сондай-ақ аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың арнайы құттықтауын жеткізіп, аудан әкімінің Алғыс хаты мен мерекелік сый-құрмет көрсетті.

Аудан басшысы А.Оңғарбаев алдымен 93 жастың төріне шыққан Балқаш Аймағамбетова әжейдің шаңырағына барып, кейунаны мерекесімен құттықтады. Аудан дамуы жолында түрлі салада қызмет атқарған қазыналы қарттың бүгінде денсаулығы жақсы. Ғасырға жуық ғұмыр иесі әлі күнге еркін жүріп-тұрады. Ақылман қария тылдағы бейнетті жолынан бөлек, неке кино бөлімінде, құжаттармен айналысатын мекемеде және Сберкассанда есепші сынды қызметтер атқарған.

Сосын саналы ғұмырын балық шаруашылығына арнаған, жастайынан тылда еңбек етіп, ел басына түскен ауыртыпалықты сезініп өскен, мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Балық шаруашылығы министрі, Қызылорда облысының және Арал ауданының құрметті азаматы Құдайберген Саржановтың шаңырағында болды.

Еңбек жолын «Арал балық шаруашылығы» өндірістік бірлестігінің инженері болып бастаған Қ.Саржанов Қазақ Кеңестік



Социалистік Республикасының Балық шаруашылығы министріне дейінгі қызметтердің бәрін де абыроймен атқарды. Қай істе де өзін білімді маман, ел мүддесін басты міндет санайтын азамат ретінде таныта білді. Қазір зейнет жасында болса да еңбекқорлығы арқылы жұртшылықтың шынайы алғысы мен құрметіне бөленіп келеді.

Аудан әкімі Аманжол Сақыпұлы абыз ақсақал, жазушы-журналист, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Шәкірат Дәрмағамбетовтың шаңырағына барды. Саналы ғұмырын білім және журналистика саласына арнаған қарт қазына бүгінде 97 жасқа аяқ басып тұр. Ауданның әлеуметтік-экономикалық ахуалын жан-жақты саралап, жаңалықтарға құлақ түре жүретін ел жақсы біледі.

Қазыналы қарт мерейлі мерекемен құттықтай келген аудан әкімі А.Оңғарбаев бастаған ел азаматтарына шынайы ризашылығын жеткізіп, арнайы батасын берді.

80 ЖЫЛДЫҚҚА 80 ТҮП АҒАШ

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай Арал қаласындағы Ә.Нұрпейісов атындағы шығармашылық үйінің ауласында 80 түп терек көшеті отырғызылды. Дана халқымыз «Атадан мал қалғанына тал қалсын» деген тәмсілді бекер айтпаса керек. Бабалар ізімен жалғасқан сара жол бүгінгі буынның да басты ұстанымына айналған. Бүгінгі игі бастама да сол ата сөзімен үндесіп жатыр.

Жасыл желекке оранған өңір – өркениетті қоғамның айнасы. Осы орайда, көгалдандыру және ағаш отырғызу жұмыстары ауданда жүйелі түрде жалғасып келеді.

Көпшіліктің көкейіндегі келелі істі аудан әкімі Аманжол Оңғарбаев бастаған бір топ зиялы қауым өкілдері қолға алып, жас шыбықтарды отырғызуға үлес қосты.

Олардың қатарында кеңестік және қазақ әдебиетінің дары ғалымы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Серік Негимов, ақын әрі журналист, «Түркістан» газетінің бас редакторы, ҚР Жазушылар одағының Астана филиалының



директоры Бауыржан Бабажанұлы және танымал жазушы, әдебиет зерттеушісі, филология ғалымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры Қайырбек Кеменгер, аудан ардагерлері, қоғам қайраткерлері, мәслихат депутаттары, жергілікті тұрғындар мен мемлекеттік мекеме қызметкерлері бар.

Атадан балаға мирас болып қалған жарасымды үрліс жылда жалғасын тауып келеді. Жас көшеттерді мәуелі ағашқа айналдыру мен күтіп баптау жұмыстары ұдайы жүргізіліп, олардың жайқалып өсуіне бар жағдай жасалады.

Көгалдандыру жұмыстары шаһарымыздың барлық аумағында жүйелі түрде жүргізіліп, туған өлкеміздің ажарын аша түсетін болады.

Тұғырлы түлға

Бұл өмірде бәрінің де белгілі өлшемі бар. Бейнелеп айтқанда, әрбір адам өзі өмір сүрген дәуірдің жемісі, сол қоғамның қара қазанынан қайнап шыққан төл өнімі тәрізді ғой. Диалектикалық даму заңдылығы бойынша ұлық уақыт тұңғиығынан тамыр тартқан тарихымыздың жалқы да жалпы мезеттері өзіндік құндылықтарымен дараланады. Ал осы орайда кешегі күннің күзгері, сонау өткен мен мынау бүінгі мезгіл аралығындағы алтын арқаулы көпір, жақсылардың жалғасы, ұрпақтар сабақтастығының ұлағатты ұстанымына айналған шежіредей, біздің сыралғы Сыр елінің бәтуәлі сөзін ұстаған абыз ақсақалымыз Ыдырыс Қалыұлының алар орны айрықша.

...Әлемнің алтыдан бір бөлігін алып жатқан алып Ресей империясын 300 жыл билеген құдіретті Романовтардың соңғы тұяғы ІІ Николай патшаны тақтан құлатып, бір елде ғана емес, бүкіл жер шарында қоғамдық даму формациясы ретінде капитализмді түп тамырымен құртып, социализм орнатуды алдарына айқын мақсат етіп қойған аласапыран шақ еді бұл. Сол өткен ғасырдың алғашқы ширегінде шыр етіп дүниеге келген Ыдырыс Қалыұлының алда туған ел жұртымен бірге көретін тұрмыс теперіші мен тауқыметі шаш етектен болатын. Өсіресе, байлар мен ауқаттылардың

келелі тіршіліктің ізашарына айналды.

Біздің Ыдырыс ағамыз бойына атаның күші, ананың сүтімен біткен қайсарлық, бірбеткейлік, табандылық, намысқойлық қасиеттерімен ғұмыр жолында ұшырасқан барша ауыртпалықтарды еңсеріп, қиындықтарды жеңе білді. Еңсені езетін, меселін қайтаратын қандай да бір қайырсыз жағдаяттарда қажырлылық танытып, қайралған қылыштай өткірленіп, өршелене түсті. Кейін шегіну дегенді білмеді. Ет пен сүйектен жаралған пенденің рухының осыншалықты асқақ, тауанының жоғары болып, тек қана тоқтаусыз алға ұмтылған мүзжарғыш кемедей керемет күш-қуаттың әлеуетін көрсетуі ғажап-ақ. Боркемік базбіреулердің әлдеқашан дүниеден баз кешіп, салы суға кететіндей кейпінде, керісінше, оның кеудесіндегі жалын оты лапылдай түскендігін оның нар тәуекелмен барған тау жығарлық қарқынды қимыл, әрекеттерінен көреміз. Ең бастысы, өмірге деген ерен құлшыныстың егесіне айналған Ыдырыс ағаның оқуға, білімге деген тынымсыз талпынысы еді. Серіз сыныпты ауыл-аймақ төңірегіндегі бес бірдей мектепте әр жылдары, әр жағдайда тұрмыс тауқыметін көре жүріп, ақыр аяғында ойдағыдай тәмамдап шығуы таңқаларлық жәйт емес пе. Мұнымен де қанағат тұтып қалмай, майданда әскери міндетін өтеп қайтқан соң соқталдай жігіт шағында орта мектептің толық бағдарламасын

ауыстырды. Бұл паровоздың тендері қысқа, өздігінен төгіліп тұрады. Екі айдан кейін көмекші машинист жұмысына жоғарылатты». Сөйткенмен, бұл тірсегі дірілдеген нәркес ботаға нардың жүгін артқандай қиянат емес пе...

Ағамыз 1943 жылдың наурызында армияға алынып, соғыс өрті лаулап жатқан Батысқа қарай бет түзейді. Алла жар болса дауа бар ма, бұлар мінген эшалон қан майдандағы ұрыстар қайнап жатқан Белгород қаласына жақындағанда Бас қолбасшының бұйрығы келіпті: «тәжірибесі жоқ жастарды отқа салмаңдар, соғыс өнеріне үйретіндер» депті. Осылайша олар тағдыр айдап жапон милитаристерінің Қытайдан жаулап алған Маньчжурия шекарасындағы Даурия деген жерге келіп түседі. Алдағы алапат айқасқа дайындалады. Жапонияның соңғы техникамен жабдықталған сақадай сай, басынан бақайшағына дейін қаруланған қуатты армиясымен қырғын соғыс 1945 жылдың тамыз айында Хайлар, Харбин бағытында болады. Жылан жорғаламайтындай бетондап тастаған, тас түйін шекараны бұзып жарып, жаудың үздіксіз оқ боратып тұрған пулемет, атқылаған артиллериясының жер қопаратын жарылыстарына қарамастан біздің әскерлер белсенді қарсы шабуылға шығып, бір жетіден кейін Хайлар қаласын алады. Сонымен тамыз айының 20-шы жұлдызында кеңестік Забайкал майданының жауынгерлері 40 миллион халқы бар Маньчжурия жерін дұшпаннан түгелдей азат етеді. Жеңіс біздің жасақтарымыз үшін сан мыңдаған құрбандықтармен келді. Соғыстың соңғы солдаттары – қарулас



ҒҰМЫРЛЫҚ БАЯНЫ БАЙ, ІЗІНДЕ

қолындағы төрт түлік мал атаулыны конфискация жасап, тәркілеп тартып алғаннан кейін қазақ халқының қатты күйзеліске, қисапсыз қасіретке ұшырағаны мәлім. Тіршіліктегі ең негізгі тіреуінен, күнкөріс көзінен айырылған қандастарымыз аяусыз аштыққа ұрынып, қынадай қырылды. Ен жатқан есіл даламыздың үсті өлікке толып, ашық-шашық мәйітханаға айналды. Ұлтымыздың тең жартысы опат болған бұл қара жамылған қайғылы жылдар төл тарихымыздың ұмытылмас азалы беттері. Қазақ қазақ болғалы өз жерінен алыстамай, туған атажұртында ұйысып өмір сүріп келсе, осы аталған тағдыр тепкісінен күйзелген қаракөздеріміз жат жұртқа тарыдай шашырап тарап кетуге мәжбүр болды.

Оның отбасы да таршылық, тапшылықтың тауқыметін бастан кешіп, заманның зар-запыранын татуына тура келді. Қасиетті Құран Көрімді жатқа біліп, құрметті қари атанып, ауылдағы жас жеткіншекті имандылыққа, сауаттылыққа баулыған әкесі Қалы ұр да жық, әпербақан , қаныпезер большевиктердің қанды қақпанынан қашып, лажсыз бас сауғалап Өзбекстанға барып, бой тасалайды. Елде шешесі Зибәгул шметтей бала-шағасымен шықпа жаным шықпа деумен өлместің күйін кешеді. Әдепкіде шаңырақтың жалғыз бас көтерер азаматы Тілеулі теміржолда жұмыс істеп, табыс тауып жүрген. Ұзамай оның да кәсібі қысқарып, өрісі тарылып қалады. Жұттан соңғы елді жұтатқан нағыз ашқұрсақ ашаршылықтың қасіретін бұлар сол кезде көреді. Отбасындағы барды-жоқты мүлік атаулыны сатып талғажау қылады. Әйтеуір өртенген өзекті жұбатып, өлместің қамын жасап баққан-ды.

Енді өмірге көзін жаңа тырнап ашқан, сарыауыз балапандай дәрменсіз сегіз жастағы бала Ыдырыс та амалсыз тал қармап, тырмысып, қу тіршіліктің қамына кіріседі. Ондағы қарекеті Қазалы қаласындағы балық зауытында істейтін туыс ағасы Әубәкірдің қоймасынан балық алып, кішкене шанаға салып, итшілеп сүйрелеп жүріп 9 шақырым жердегі станцияға апарып өткізіп, үйге азды-көпті ас-ауқат әкеліп жүреді. Бір күні ол да таусылды. Ақырында ашқұрсақ жандар көн етікті суға қайнатып жейді. Тұла бойыңды тітіренткен неткен сорақы, сұмдық, қасіретті жәйт десеңізші бұл. Осылайша әлі де өмірден үмітін үзбей, тіршілік үшін күрескен отбасының соңғы күш-қуаты сарқылуға таяған шақта...О, құдірет, жаратқанның мейірімінде шек бар ма? Тұн ішінде есік қағылып, сырттан сүйікті әкесінің сағынышты сұлбасы көзге шалынады. Сөнгуге бет алған өмір оты қайта маздап жанды. Әкесінің көрші өзбек елінен екі түйеге теңгеріп әкелген мол астығы бұларды ажалдан арашалап қана қоймай, келешектегі

...Ыдырыс Қалыұлы 1925 жылы мамырдың 15 жұлдызында Қызылорда облысының Қазалы ауданындағы Жалаңтөс Баһадүр аулында дүниеге келді. Қазалы паровоз депосында машинист көмекшісі болып еңбек жолын бастады. Ұлы Отан соғысы өршіп тұрған 1943 жылы майданға аттанып, 1945 жылы жапон-совет соғысында шайқастарға қатысты. Кейінгі еңбек жолын 1951 жылы Қазалы теміржол бөлімшесі нұсқаушылығынан бастады. 1952 жылы Қызылорда облыстық партия комитеті өндіріс-байланыс бөлімінің нұсқаушысы, 1954 жылы облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болды. 1959 жылы СОКП Орталық Комитеті жанындағы жоғарғы партия мектебін бітірді. 1961-1966 жылдары Қызылорда қалалық партия комитетінің екінші хатшысы, 1966 жылдары Арал аудандық кеңесі атқару комитетінің төрағасы болды. 1968 жылы облыстық партия комитетіне өндіріс-байланыс бөлімінің меңгерушісі, 1973-1978 жылдары Қызылорда қалалық Кеңесі атқару комитетінің, 1978-1982 жылдары Қызылорда қалалық партия комитетінің бірінші хатшылығына сайланды. Ал 1982 жылдан бастап 1987 жылға дейін Қызылорда облыстық Кеңесі атқару комитетінің төрағасы болып қызмет атқарды. Қазақ ССР-ы Жоғарғы Кеңесінің бірнеше рет депутаты, Қазақстан КП съездеріне 6 рет, БЛҚЖО съездеріне 2 рет және 74 жыл одақтық билік басында болған СОКП-ның XXVII съезіне 19 миллион коммунистің атынан Қызылорда облысынан сайланған 6 делегаттың қатарында қатысты. Қызылорда қаласының есіп, өркендеуіне білікті басшы ретінде қыруар еңбек сіңірді. Ондаған завод, фабрикалар, комбинаттар, көпқабатты үйлер, Гагарин мен Титов қыстақтары және Шығыс, Ақмешіт, Мерей мөлтек аудандары, Мәдениет сарайлары, орталық стадион, тағы басқа нысандар сол кезде салынды. Облыс басшысы Е.Н.Әуелбековпен бірге кедергілерді жеңе отырып, Құмкөл мұнай-газ кенішінің ашылуына қол жеткізді. Адал атқарған еңбектері «Еңбек Қызыл Ту» (2 рет), «Отан соғысы», Одақтық «Құрмет», Қазақстан

Республикасының «Құрмет» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» және тағы басқа 21 медалімен, ҚР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен төрт мәрте марапатталды.

Тұңғыш рет ғылыми-академиялық стильде жазылып, баспадан шыққан «Сыр өңірі тарихы» (1998 ж) кітабының белсенді авторларының бірі болды.

Қызылорда облысының, Қызылорда қаласының және Арал, Қазалы, Жалағаш аудандарының «Құрметті азаматы»).

Ұлы Отан соғысының 60 жылдық Жеңісіне арналған Мәскеу және Пекин қалаларындағы салтанатты шөрулерге ресми шақырылған қонақ болып қатысқан тұлға.

Қазақ халқына, исі мұсылман әлеміне әйгілі Жалаңтөс Баһадүрдің туған елі үшін аянбай атқарған жасампаздық өрен ерлік істері мен қаһармандық өнегелік өмір жолын бікелей ұрпағы ретінде кеңінен насихаттап, облыс орталығында бабаға сәулеті көркем, еңселі ескерткіш қойылып, есімін қастерлеуге үлес қосқан.

Сыр өңірінің абыз ақсақалы санатында Қазақ елі тәуелсіздігінің тұғырлы болуына рухани дем берді. Балаларына ардақты өке, немере-шөберелеріне сүйікті ата болған абзал жан.

Міне, 2017 жылдың қыркүйек айының 23-ші жұлдызында 93 жасқа қараған шағында бақилыққа озған Ыдырыс ағамыздың Жаратқан иемізден пешенесіне жазылып, бұйыртқан өмір жолының барлық баяны қысқаша қайырып айтқанда осы. Бұл аз ба, әлде көп пе? Қазіргі адамзат баласының орташа ғұмыр жасына балағанда әлбетте шүкіршілік жасайтын жас. Мұнымыз таза биологиялық өлшеммен алғандағы мөлшер. Дегенмен, жоғарғы ақыл ой иесі санатындағы адам баласы үшін мынау жарық дүниеде жасаған жастың сапасы мен азаматтың артта қалдырған мұрасының мұғдарлы салмағы ғана маңызды деп саналады. Ал бұл тұрғыдан келгенде оның ғұмырлық баяны бай, ізінде іргесін қалаған ілкімді істері ұшан-теңіз. Оның талайды тағдыры мың-мыңдаған жандардың таланына бұйыра бермейтін өрнекті өнегемен өрілген.

жадағай жай күйін көргенде: –Оу, біз сені обком партияның білдей қызметкері, дөкей деп жүрсек, өзің қарындасымның күнде жуып беретін жалғыз көйлегіңмен күнелтіп жүр екенсің ғой,—деп жағдайларын түсініп, базарға ертіп барып киімін жаңалап сатып алып беретіні.

Иә, Ыдырыс Қалыұлы белсенді өмірлік ұстанымынан айнымай, кездеген азаматтық мақсатына қол жеткізуге табандылықпен талпынды. Жоқ болса жасымады, бар болса тасымады. Адамгершілік ар-ұжданын әруақытта биік ұстады. Ертеңгі кемел келешегіне, ең бастысы өзінің өршіл мінезі мен қарым-қабілетіне сенді. Қанзира апамыз айтады -ау: «біздің Ыдекең қаншалықты қиындық көріп жүрсе де қабағын шытып қыңбады, жігері жасымады. Бірде жалдаған пөтер үйіміздің шағын терезелеріне қос құлаш жаңа матадан перде тігіп өзімше сәндеп іліп қойсам, суық қолды біреулер сыпырып ұрлап әкетіпті. Азанда әйелдікке салып күйініп сөйлеп жүрсем, отағасы «Қанзира, оған қапаланба, сол ұрыларныңң да жан бағуды күйттеген еңбегі бар шығар» деп кепнейілділікпен күле қарап

отыр. Тағы бір жолы ептеп тойынып, бүйіріміз томпия бастағанда кешке қызметтен шығып үйге келген Ыдекең «ана жерде қол басындай нан далада жатыр, сенің мұның не, обал емес пе, қажетімізден артылса көршілерге, немесе мал мен иттерге бермейсің бе?» деп реніш білдіргені. Мен болсам мұндай мейманасы тасыған күпірлікке ешқашан бармайтынымды айтып ақталып жатырмын».

Адам сыйлағыш, адамсүйгіш Ыдырыс аға қасындағыларға қам-қор, жанындағыларға жұбаныш, қарамағындағыларға көмек көрсетуден қашпайтын. Қызылорда қалалық ауатком төрағасы болып тұрғанда бір тұрмысы жүдеу кембағал карт кісіге тәуекелге барып көзектен тыс қазынаның үйін алып береді. Екінші жолы Сыр күрішін, ел ырысына айналдырғанақкүріштіңатасы,әлемдік рекордшы, екі мәрте Социалистік Еңбек ері Ыбырай Жақаев ақсақалдың «қарағым, осы қалаңа жиынға келсем түсетін өзіме қарасты шаңырағым жоқ, еркін аяқ созып жата алмаймын, немереме үй берсең жағдайымды жасар еді» деген жалғыз ауыз сөзін жерге тастамай, елеп-ескеріп, оған құрмет көрсетіп, кеңестің бюрократтық қасаң қағидаларын белден басып көп қабатты үйден пөтер беріп жібереді. Ол үшін кейін заңды бұзушы ретінде жауапқа тартылу қаупі төніп тұрса да, азаматтық жасаудан тартынып қалмайды.

Барынша байыпты, алдынан көлденең шыққан қай мәселеге де ақыл көзімен саралап, жақсы- жаманын бағалап, ақ- қарасын айырып алған соң, тұрлаулы тоқтамға келіп бір-ақ қайыратын қалып оның болмысына сіңісті дағдысына айналған. Баста-машылдық, жаңашылдық, қолына алған қайсыбір істі де күткендегіден әлдеқайда артығымен орындау оның басыбайлы төл қасиеті еді.

Облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет істегенде Ы.Қалиев тарихта бірінші рет сол кездегі билік басындағы облыстық партия комитетінің бюро мүшесі болып сайланады. Егер ондай дәрежелі санатқа бөкіл аймақ бойынша әбден саяси және тәжірибе сүзгісінен өткен 9 адамның ғана лайықты болатынын ескерсек, бұл оған көрсетілген үлкен құрмет пен сенімнің белгісі. Мұның үстіне ол тұста обком партияның бюро мүшелерінің күзіреті күшті, лауазымдық деңгейі жоғары, мүмкіндігі мол болатын. Осылайша оның өзі айтқандай, партияның сеніміне еніп, қосымша күш алып, қайраттанып, комсомол жұмысына алға бастыруға белсене кірісті. Бұл қызметте облыстың әлеуметтік-экономикалық һәм рухани дамуына жас өркеннің мейлінше мол көлемде атсалысуына жұмыс істеді. Азулы да қажырлы комсомол басшысы болды. Сол кезде өңірдің алдындағы кезек күттірмейтін басты міндет Қызылорда

су бөгетін тездетіп бітіру еді. Бірақ қол күші жетпейді. Содан Қазақстан комсомолының пленумында сөз сөйлеген Ыдырыс Қалиев «бұл нысан Қазақстанның комсомол құрылысы болып жарияланса» деген ұсыныс жасайды. Оны пленум қолдап, арнайы қаулы қабылдайды. Нәтижесінде Республиканың бес облысынан бөгет құрылысына құрыш қолды жас құрылысшылар келе бастайды.

Ал, Сыр бойын күрішті алқапқа айналдырып, мал шаруашылығын өркендетуге комсомолдар тікелей араласады. Оған қоса облыста комсомол жастардың 6 сүт товарлы сүт фермасы, 16 ірілендірілген шопандар бригадасы құрылды. Мүмкіншіліктер жете пайдаланылып, оларға қажетті жағдайлар жасалып, электро-механикаландырылған техникамен, жемшөп, тұрғын үй тағы баскамен қамтамасыз етілді. Мәдениет және спорт құралдарын жеткізу де назардан тыс қалмады. Қорытындысында миллиондаған данамен тарайтын аса танымал одақтық «Комсомольская правда» газетінің тілшісі аймаққа алғаш рет табан тіреп, Қазалы ауданындағы Мұратбаев атындағы колхоздың тауарлы сүт фермасымен танысып, ілкімді істерді көзімен көрді. Сыр өңірі жастарының ерлігін дұрыс бағалады. Жұмыстары мақтауға тұрарлық деген мақала газеттің бірінші бетіне жарияланып, ер аймақтағы әріптестері тарапынан едәуір қозғауға және қолдауға негіз салды.

Бітер істің басына, жақсы келер қасына демекші, ағамыз кезінде бүкіл кеңестік Шығыс жастарының көсемі болып танылған талантты жерлесіміз, аққан жұлдыздай жалындап, жарқырап, жанып өткен азамат Ғ.

жастарының бастарын қосып ұлы жиын өткізу ойға кірмеген жағдай еді. Фестивальге 114 мемлекеттен 3 мыңнан астам жастар қатысты. Форумға СОКП және БЛКЖО тарапынан республикаларға, облыстарға тиісті тапсырмалар берілгені онсыз да белгілі. Ал Қызылорда облысының атынан атышулы жиынға 34 адамнан А.Ғ.Савостьянов, Ы.Қалиев, С.Ө.Махашова басқаратын делегация жасақталды. Оларға көмекке артистер Роза Бағланова, Сабира Майқанова, Байғали Досымжанов, белгілі композитор Бақытжан Байқадамов қосылды. Бір қызығы, жоғарыдан біздің облыс делегациясы фестивальда Түркімен КСР-ның атынан шығуы керек деп шешіліпті. Түркіменнің ұлттық киімдерін бұлар сол Түркіменстаннан сұратып алдырып, қалған керек-жарақты өздері дайындады. Алдын-ала облыста партияның бірінші хатшысы М.Сужиковтың қатысуымен жастар фестивалі өтіп, Қызылорданың тарихында тұңғыш рет 5000 адамдық хор дүрілдетіп ән шырқап, күллі Сыр елінің түнлігін желпілдетеді. Мәскеуге барғаннан кейін Халықаралық VI жастар фестивалінде Ы.Қалиевқа Австрияның делегациясын басқару тапсырылады. Фестиваль біткеннен кейін форумға қатысқан 3000 жасты Кеңес үкіметі Кремльдің ішкі алаңында қабылдап , банкет өткізеді. Алфавит бойынша Австрия делегациясы жоғарғы басшыларға ең жақын тұрған-ды. Сонда алып одақтың бас серкесі Н.С.Хрущев Ыдырыс ағаға қарап, қай елдің делегациясы деп сұрайды. Австрия елінің дегенді естігеннен соң «давай чокнемся» деп римька түйістіреді. Айтулы шараға белсенді атсалысқаны үшін облыс делегациясы

анықталып бәрі қалпына келеді.

Ендігі кезекте қалаға жылу және электр қуатын беретін қуатты ТЭЦ салу қолға алынып, ол мақсат та ойдағыдай орындалды. Қызылорда қаласы атқару комитетінің төрағасы болып тұрғанда Қалиев қатаң жұмыс тәртібін ұстанып таңғы сағат 6-да милиция, комхоз, тұрғын-үй, санэпидстанция, жол құрылысы басшыларын жанына ертіп алып көшелерді аралайды. Көзделетін мәселе жалпы тәртіп сақтау, тазалық, көркейту мен көгалдандыру. Содан сағат 8-ден өте жұмысқа келіп үлгереді. Оның есесіне жағдайдың бәрі алақандағыдай, шаһардың тыныс тіршілігін көзбен көріп біліп отырады. Осы кезеңде ол екі мәселе бойынша облыс басшыларымен текетіреске келеді. Министрліктен Қызылордадағы сыра зауытын жауып, орнына тарататын қойма ашамыз, Шымкент сыра зауыты жаңа технологиямен жабдықталады, жылына 7 миллион декалитр сыра шығарады, екі облысқа жетеді дейді. Бұған Ыдырыс аға қатты қарсылық көрсетеді, бірақ амал бар ма, тар ойлы бюрократия жеңеді. Екіншіден, тұрғын үй тұрғызуға жер сұраушылар көп. Ал қаладағы үйлерді бұзып салуға уақыт күттірмейді. Әрі орасан шығын. Сондықтан тұрғын-үй салу үшін жер жұрттышылыққа таза алаңнан бөлінуі керек деп бұл кісі өз уәжін айтады. Жаңа сүт зауытының қасы, ТЭЦ-ке жақын, осы арадан Бас жоспар бойынша 20 мың бір қабатты саяжай үйлерін салу қажеттігін дәлелдейді. Онда су басатын аймақ, жер асты суы жақын болғандықтан көп қабатты үйлер тұрғызуға жарамайды дейді. Бірақ, тағы да жоғарғы басшылардың беделі басым түсті, есесіне кейінгі

өміршең мәселелерін шешуге қатысты одақтық қаулыны дайындау үшін 14 министрден келісім құжатын алып, 16 жоспарлау комиссиясының қолын қойдыру керек болғандығын айтады. Және бұлар оңайлықпен ымыраға көне қоймайтын, өзіміздің қазақша «Мәке–Сәкемізге» келісе бермейтін мызғымас тас мүсіндей «ыңғайсыз» адамдар. Одақтың сол мүйізі қарағайдай мықтыларының қатарында Астық дайындау министрі 74 жастағы Коломенко (бұл дәй дәкей сол кездегі КСРО-ның бірінші басшысы М.С.Горбачевты Ставрополь өлкесінде жастайынан қызметте тәрбиелеп өсірген “батыкасы” екен), Мұнай-газ министрі Черномырдин, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері әлемге әйгілі академик, Машина-құрылысы министрі Славский, Темір жол министрі Конарев, тағы басқа биік лауазымды тұлғалардың ресми қабылдауында болып, тіл табысып, түсінісіп, келісімдерін алып, маңызды құжатқа қолдарын қойғызып, түйткілді мәселелерін оңтайландыруға байланысты былайша баяндайды:

“...Осы жайды облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Әуелбековке тегіс баяндап, телефон арқылы жеткіздім. Енді тек қана М.С.Горбачевтың келісімі керек, ал мен оған шыға алмаймын дедім. Еркін Нұржанұлы Горбачевпен сөйлесіп үлгеріп, ымыраға келсе керек. Шамамен бір сағат уақыт өткенде Н.Рыжков (одақтық үкімет басшысы) маған кірсін деді. Кабинетіне кіріп өмім, ол кісі жылы қабақ танытып, бағанағыдай емес көңілді. Бетіме бір қарады да, ұсынған қаулымды алды.

Бұл 1986 жылдың 26 желтоқсаны еді. “Об ускоренном социально-эко-

Осы арада ағамыздың тағы бір абыроймен атқарған ісін айта кеткен жөн болмақ. Жоғарыда баяндалғандай Мәскеуден қолдау тауып қайтқан ол Қазақстан үкіме-тінің басшысы Б.Әшімовтың жаңа талабына тап болады. Мәселе былай: Қызылорда облысының мұнай шығаруды межелеген жерінің аумағы Жезқазған облысына қарасты екен. Бізге бұл аймақты 25 жылға мал жайылымдығына жалға берген. Уақыты бітуге таяу. Содан жезқазғандық әріптесі Хамза Жұмабековке телефон соғады. Ол өздерінде облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы ауысып жатқандығын, оның рұқсатынсыз жер мерзімін пайдалануды ұзартып бере алмайтындығын айтады. Абырой болғанда әлгі жаңа басшы Шымкент обкомының бұрынғы екінші хатшысы Николай Давыдов Ыдырыс ағаның көптен бергі көңілі жақын комсомолдық досы болып шығады. Онымен дереу байланысып, қызметімен құттықтап, жер мерзімін ұзарту туралы сөйлесіп, келісімін де алады. Жалпы, ағамыздың мұндай жеке беделі мен тапқырлығының арқасында айма-ғымызға жасаған жақсылықтары мен ізгі істері санағанда саусақ жетпейтін.

Ендігі бір мерейлі әрі орайлы ақжолтай оқиға сол, Ыдырыс аға бабаның басына кезекті бір сапарлап барғанда оларға ілескен Қызылорда облыстық теледидарының тарихи деректі фильм түсіруді мақсат тұтқан түсіру тобының журналистері көсіптік машықтарына тән әрекетпен өзбекстандық ақсақал, діндар кісілерден, шырақшылардан ежіктеп сұрастыра отырып, қазақтың әйгілі бйі Әйтеке бабаның қабырн табады. Кейіннен баба ұрпақтары және

ІЛКІМДІ ІСТЕРІ ҰШАН-ТЕҢІЗ...

Мұратбаевтың әділетсіз ескерусіз қалған қадірлі есімін жарыққа шығарды. Архивтерді ақтара отырып Ғани атамыздың одақтың астанасы Мәскеуде Коммунистік Жастар Интернационалының (КИМ) Шығыс бөлімін басқарған кезінде еліне жасаған ерен еңбектерінің ізін індете іздеп тауып, тиісті басшылардың алдынан өтеді. Әдепкіде түсініс-пеушіліктің салдарынан теріс пиғыл-дар болғанымен, кейіннен бұлтартпас нақты дәлелдермен тақырыпқа соңғы нүкте қойылып, толағай тұлға тағалымы мойындалады. Ғани Мұратбаевтың аты мен елге жаса-ған еңбектерін еске түсіру үшін Республикалық конференция ұйым-дастырып, онда өзі замұнды баян-дама жасады. Алқалы жиынға Қарақалпақстаннан Ғанидың қарын-дасын, әйелі Бақытжанды Талды-қорғаннан тауып алдырып, Алматы, Ленинград, Фрунзе, Ташкент, Ақтөбе мен Семейден қызметтес болған комсомол ардагерлерін шақырады. Олардың ішінде Сара Есова, Өтебай Тұрманжанов, Жүсіпбек Арыстанов, Н.Оцуп, Әуелбек Қоңыратбаев, Асқар Тоқмағанбетов. т.б.бар еді.

Осы орайда оның кітабында мына бір маңызды жайтты еске алып жазған: «...көп кешікпей Өзбекстан комсомолының съезі шақырылып, оған Қазақстан атынан мен бардым. Мезгіл 1958 жылдың күзі. Алдымен Ташкенттегі Ғани тұрған үйге ескерткіш тақта орнатылды. Сөзде Өзбекстан ЛКСМ бірінші хатшысы Қаюм Мұртазаев баяндама жасады. Соның бр иінінде Ғаниды өзбек ұлтынан, Өзбекстанда туып -өскен, біздің Ғани дегенді жұқалап жіберді. Сондықтан басқарушыға записка жолдап, 3 минутке сөз сұрадым. Сөз берілді, іштей дайындалып алғанмын. Ғанидың қайда туып-өскенін, әкесі мен шешесінің кім болғанын, ұлты туралы, жақында Ғанидың өмір жолы жайлы облыста ғылыми –практикалық конференция өткенін асықпай айтып бердім. Мен сөзімді бітіргеннен кейін республика басшысы Нұриддин Акрамович Мухитдинов Мұртазаевқа ескерту жасады. Ол қатты қысылып «баяндама мәтіні бойынша кетіппін» деп кешірім сұрады. Міне, сөйтіп өзбек ағайындар Ғанимызды да меншіктеп алғысы келген болатын. Қазақ еліне Ғанидай ерінің атын қайта жаңғыртып, рухын оралтып, қалың жұртына табыстаған ағаның мұндай азаматтық ерлігіне алғаусыз көңілден сүйсініп, алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

1956-57 жылдары Мәскеу қала-сында бүкіл дүниежүзілік VI жастар фестивалі өтетін болды. Ол үлкен жаңалық. Әсіресе, Сталин кезіндегі қатаң темір тәртіптен кейін, космо-политизм заманынан соң, шетелден жалпылама адамдар шақырылмайтын кезде, тіпті сырт елдерге саяхат, туризм жасау қатаң бақылауда тұрған кезеңде әлемнің әр ұлтының мыңдаған

БЛКЖО-ның Құрмет грамотасымен, Алғыс хаттарымен марапатталып, ауылға абыроймен оралады.

Оның өзі өркен жайдырған мәуелі әулетін мәңгілікке тұрақтатып, туын тіккен және ер қайратын еселеп жұмсаған құтты ордасы Қызылорда қаласы болғандығы баршаға мәлім. Ол бағын да, базарын да, бақытын да осы берекелі мекеннен тапты. Екінші кіші отанындай, жанына жақын атажұртына айналған қаланы көркейтіп, көрік-тендіріп, абаттандыруға ағамыз бар күшін салды. Жұмысты көшелерді тегістеп, тәртіпке келтіруден бастайды. Орталық су құбырын, канализацияларды жүргізіп, енді шағын асфальт зауытын салуға қол жеткізеді. Ол кезде негізінен қалада бірқабатты үйлер болатын. Алғашқы үш, төрт қабатты үйлер Абай даңғылы мен Шүкiров көшесінің қиылысынан ірге көтерді. Басшы болуға байланысты екі ірі–целлюлоза қатырма қағаз комбинаты мен ет комбинатын қатар салу бірсыпыра түйінді істердің арқауын шешеді. Қаланың батыс жағына өндіріс нысандарын, оңтүстік шығысына күрделі құрылыс базалық нысандарын шоғырландыруға ұйға-рым жасалады. ЦҚЗ өндіріс орнының құрылысы бүкілодақтық екпінді комсомол жастар құрылысы болып жарияланып, одақтың Украина, Молдавия, Татарстан, Башқұртстан және Қазақстанның көптеген облы-сынан жүздеген жалынды, жігерлі жастар келді.

Мұнда да жұмыстағы бір шикілік алдынан андағайлап шығады. Құры-лыста күні-түні үш-нәубеттен 3700 адам жұмыс істейді. 1961 жылы 5- қарашада комбинаттың бірінші бөлімі–жартылай целлюлоза шығарылып, бүкіл қызылордалықтардың мерекесіне айналды. Дегенмен құрылысшылар 3 ай жалақысын ала алмай, жұмысқа шықпай шеру ұйымдастырамыз деген тұлқулар байқалды. Сондықтан мұндағы штабтық бастығы Ы.Қалиев СОКП ОК хатшысы, Одақтық Министрлер кеңесі төрағасының орынбасары, Бақылау комитетінің басшысы А.Н.Шелепиннің атына жағдайды баяндап шұғыл жеделхат жолдайды. Шалт жасалған қадам жұмысшы қауым үшін оң сипатта шешіліп, еңбекәқияларын алғанымен, оның өзіне ауыр соққы болып тиеді. Өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы С.Б.Ниязбеков құзырына шақырып алып, оған республикалық, өлкелік басшылардың басынан аттап, сонау жоғарыға шағымданып бетімен кеткен бұл бассыздығы үшін штабты таратып, қызметтен босатып, партиялық мәселесін бюрода қарауды тапсырады. Түсініктеме сөзді ұқпайды. Ал, сонда ағамыз қайтті дейсіз ғой?

—Жұмыстан ала беріңіздер, пар-тиядан шығара алмайсың. Партибелетті майданда алғанмын,—деп есікті тарс жауып шығып кетеді. Өйтеуір тек арты қайыр, кейіннен ақиқат ахуал

уақыт ағымы оның ұстанымының дұрыс екендігін айқындап беріп отыр.

Қызылордада құрылыс жұмыстары қарқынды жүрді, қала орталықтағы 9 көшеге шоғырланады, 9-12 қабатты үйлер бой көтереді деп мекеленді. Тозығы жеткен ескі үйлер қиратылып, жаңа құрылыстар түсті. Орталықтағы көп қабатты тұрғын үйлер Целлюлоза-картон комбинатының қаржысы есебінен тұрғызылды. Жұмыс-шыларға арналған Гагарин, Титов қыстақтары және Акме-шіт, Мерей, Шығыс тұрғын үй аудандары пайда болды. Қазіргі А.Тоқмағанбетов пен М.Ералиева атындағы Мәдениет сарайлары, облыстық музей, облсот, теледидар, университет ғимараттары, қалалық аурухана, орталық парк, көптеген мек-тептер, саябақ алаңдары, сквер-лер, кинотеатрлар, пионерлер сарайы мен демалыс паркі т.б. нысандар бой түзеді. Спортқа бюджеттен қаржы аз бөлінгендіктен, қаланың қоқыс тастайтын алаңқайын халықтық асар әдісімен, ал кеңестік ұғымда «сенбілік», «жексенбіліктер» өткізу арқылы тазалап, дайындап, әр жерден аз-мұз қаржы іздестіріп тауып, орталық стадионды салып шығады. Ол уақытта адамдардың қоғамдық жұмысқа деген ынтыас жоғары, тәртіпті, әлгі айтылғандай көпшілік шара-ларына жеке шаруасын жиыс-тырып қойып, түгелдей қатысып, жұмыс басында көңілді ән, күй, музыка ойналып, бейне бір еңбек мейрамына шыққандай күйде болатын. Қаладағы жақсы жетістіктерді республикалық теледидар, тұңғыш рет Мәскеу теледидарыкеліп түсіріп, көрмет көріністер көрсетеді. Одақтық өң сиппалды «Известия» газеті оң ықпалта мақала мен суреттер жариялайды.

Бәрі жақсы-ау. Бірақ бірі кем дүние демекші, Ыдырыс Қалыұлының үлкен бір өкініші одақтық, республикалық тиісті министрліктен Қызылордада мұнай өңдеу зауытын салу жөніндегі кемел келешекті көздеген тамаша ұсынысын сол тұстағы облыс басшылары бізде жер асты суы жақын, ондай өндіріс ылас, айнала төңіректі бүлдіреді деген жөнсіз желеумен бас тартқандығы өмір бойы өзегін өртеумен кетті. «Қазір көріп отырымыз, бұл өндіріс нысаны ылас емес, нағыз алтын екен ғой» деуші еді ол кісі. Есесіне сол зауыттың қызығын бүгінде көршілес шымкенттіктер көріп отыр.

Біздің Сыр елі үшін тағдыршесті тарихи оқиға жайлы оның өзі жазған кітабында сол кездегі КСРО астанасы Москва қаласында арнайы іссапармен болып, аймағымыздың

номическомразвитийКызылординской области” (“Қызылорда облысының әлеуметтік-экономиялық дамуын жеделдету жөніндегі”) қаулысына қолын қойды. Бұл облыс тарихында осы тақырыптағы ең жоғарғы дәрежеде алғаш рет қабылданған қаулы еді”. Расында бұл мұнан кейін одақтық, республикалық деңгейде дүниеге келген Сыр өңірінің дамуына

Ең әуелі Ы.Қалиев қазақтың маңдайына біткен асыл да, ардақты тұлғаларының тұқымынан екендігін айтпақ парыз.

Оның арғы даңқтың бабасы қарадан шығып, хан болған Сейітқұл қажыдан тараған ұрпағының хас жауһарларының бірегейі, Самарқанды 40 жыл билеген, Тұранның жолбарысы, Орта Азияның ақырғы арыстаны Жалаңтөс баһадүр, һәм Қазақ хан кеңесінің 19 жыл мүшесі болған әйгілі Әйтеке би. Перзенттік парызын адал орындаған 8-ші ұрпағы ретінде Ыдырыс аға өзінің тікелей бабасы Жалаңтөс баһадүр атындағы арнайы қор құрып, оны басқарып, даңқты бабаларының ел үшін атқарған ерен еңбектерін халыққа кеңінен насихаттап, оларға арнап ескерткіш орнатылып, көшелерге аттары беріліп, кітаптардың жазылуына ұйытқы болды. Оның ұйымдастыруымен біздің облыста Жалаңтөс баһадүрдің туғанына 425 жыл толуына арнап өткізілген Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияда ғұлама ғалым, академик Манаш Қозыбаев: «Дана туған Жалаңтөс Баһадүрсіз қазақ халқының тарихы толық болмайды. Оны кемеріне келтіріп, сабасында ұстайтын Бейбарыс, Абылай, Абай, Шоқан, Ахмет Яссауи сияқты ұлы тұлғалардың бірі Жалаңтөс Баһадүр. Өркеніеттің өріне, сән-салтанатты төріне сүйрейтін де солар» деп тұжырымды баға берді. Жазушы Б.Ұзақбаевтың «Жалаңтөс баһадүр» атты тарихи романының алғы сөзінде заманымыздың заңғар жушысы, қоғам қайраткері Әбіш Кекілбай: «Жалаңтөстің тусында қазақтың еш жерде бағы кеміп, сағы сынып көрмейтп. Ойға ие, қырға қожа бола білген ондай перен оған дейін де, одан кейін де көп бола қоймапс. Келешекте де иә тұар, иә тумас.

Бірақ тусын деп тілейік» деп ағынан жарылыпты. Ежелден бауырлас қазақ пен өзбектің арасы жақындай түсіп, Самарқан, Бұхара жерінде екі жақтың ізгі ниетті азаматтары сан мәрте бас қосты. Жалаңтөс Баһадүрдің көсенесі жаңа сәулет бойынша жаңғырды.

қатысты және Арал экологиялық апат аймағы болып жарияланып, мұндағы халыққа қосымша қаржылай көмек жасау жайлы маңызды үкіметтік шешімдердің басы болды. Ал ең бастысы, сол арқылы міне, бақандай 40 жылға жуық уақыттан бері қызылордалықтарға негізгі күнкөрістің көзі, олжалы нәпақасы болып келе жатқан Құмкөл мұнай кенішінің ашылуына осылайша берік негіз қаланған болатын.

қазақстандық белсенді тұлғалар мен бизнес өкілдері сол тұстағы еліміздің Өзбекстандағы елшісі Зауытбек Тұрысбековтың жанашырлық танытуымен екі атаның бастарын көтеріп, қазіргі заманғы кереметтей көрнекті кесене тұрғызады. Бұл да ағамыздың аталар аруақтары алдындағы парызының өтеуі іспетті.

Задында, текті әулеттен шығып, тұлпарлардың тұяғы атанып, құт қонған үрім-бұтақтың қияғы болу өз алдына бір бақыт. Алайда ең алдымен бұл адамға жүктелетін зор жауапкершілік, сындарлы сын -сынақ. Қанмен келген қасиетті қастерлеп, абыроймен алып жүру мәртебелі міндет болып табылады. Осы орайда біздің Ыдырыс ағамыз сенім үдесінен шыға білген айбынды азамат.

Қайран қайраткер аға, ақтық деміне дейін елі мен жеріне адал қызмет жасаған ұлағатты ұй болып өмірден өткен Ыдырыс Қалыұлының дүние есігін ашқанына 100 жыл толуына орай Қызылордада арнайы аз беріліп, әруағына арнап құран оқылмақ. Ол кісі зейнетке шыққан соңда азаматтық белсенді қалпынан айныған жоқ. Облыстың барлық ірілі-уақты шараларына атсалысып, ой-пікір білдіріп, тілеуқор де батағай абыз ақсақалымыз болып бақилыққа аттанды. Адам қызығарлықтай өнегелі де, өрнекті өмір сүріп, сирек те тағылымды тағдырдың егесі болып бұл фөниден озды. Артында жақсы аты, ғұлама шөжіредей шерткен хаты, ал ең бастысы ұлағатты ұрпағы қалды.

Бүгінгі таңда Ыдырыс аға мен Қанзира апаның отбасынан өрген ұлы Серіжан, келіні Гүлжан, олар-дан туған Нұргүл, Айгүл, Сәбитжан және қызы Фарида, күйеу баласы білікті дәрігер Жалғастан өрген Заманбек пен Исламбек қасиетті әулеттің ұйытқысына ұстап, ата-аналарының ақ жолымен жүріп, өне-гесін адал орындап, ұрпақтар сабақ-тастығын сәтімнен ұзарту үстінде.

Мен, өзім өмірімде тұңғыш рет 1962 жылы Қызылорда қаласына аяқ басқан кезімде алғаш рет Ыдырыс аға мен Қанзира апамның ақ дастарханынан дәм таққанымды әрдайым мақтаныш етемін,менің санамда өмір бойы ұмытылмайтын сәт болған-ды деп үнемі еске алармын.

Сайлаубай ӘБІШҰЛЫ, облыстық «ҰРПАҚТАН ҰРПАҚҚА» қоғамдық прелестігінің Төрағасы Қызылорда қаласының,Арал ауданының Құрметті Азаматы, «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ардагері» төс белгісінің иегері Қызылорда қаласы

Ақмешіт Ақшамы

Кітапхана

Ауладан шыққан бетте таңғы ауаның салқындығынан ағайынды екеу тоңазығандай болды да, көп ұзамай өздері үйренді ме, әлде ат бүлкінің дене жылытуға әсері болды ма, қабақтары да, көңілдері де жадырап сала берді.

Бірнеше ай бойы сырт дүниеге бөлімнен терезесінен ғана карап, қапаста отырған құстай ішпысты болған жандарға, атқа мініп, иен даланы бетке алып шыға келгенде, кенет жаңа бір дүниенің мол есігі айқара ашылғандай әсер қалдырады екен. Ағайынды екеу ат үстінде келе жатып-ақ, кейде көздерінің астымен қарасып қойып, осы қуаныштарын бір-біріне білдірісіп жатты. Былай шыға-ақ жаңғыл бұтақтары балақтарын сызып, қайсыбір биік өскен жантақ, қамыстардың ат бауырын жалап жатқаны да оларға кәдімгідей қуандырды. Көзі түскен шөп, бұталарға да, жүріп келе жатқан шандақ жолына да жолаушылардың осыншалық сүйіспеншілікпен қараулары да бір есептен таңданарлық жай еді.

Төбеде шөкімдей де бұлт жоқ. Өлгінде ғана жуып, кептірген көкшіл матадай, шайдай ашық аспан - күннің ыстық боларының белгісі-тін.

Қапастан әзер шыққандай сергек көңіл жолаушы жігіттерден ғана емес, аттардан да байқалған. Жыл бойы бағылып, жем мен шөптен қонайған аттардың жүрісі де екпінді еді. Қай-қайсы да ауыздығымен алысып, «еркіме бір жіберші» дегендей жұлқынып-ақ келеді.

Басканың ойында не бар екенін кім білсін, дәл Шертайдың жыңғыл мен жантақ аралас өскен беткейге жеткенде қасқаторының басын бірауық жіберіп-ақ алғысы келген. Ет қызуы басылмаған бозбаланың басына бұл ойдың түсуіне де, қасқаторының кенет жұлқынып, ауыздығымен алысып, өз-өзінен алға ентелеуі себепші болған. Бірақ ағасы қабағымен жасқап, иегімен бозбестінің үстінде бара жатқан Ахметті мегзеген соң-ақ, аттын да, ат үстіндегі жігіттің де тәйтік мінезіне жол жоқ екенін енді ескергендей «Айтпақшы, тәртіп дегені бар екен-ау» деп ойлаған Шертай ат тізгініне әзер ие болып келе жатып. Сосын «Аулада да тәртіп... далаға шықсаң, далада да тәртіп» деп ол іштей күңкілдеген болды. Ойлап келе жатқан тәртібіне өзі оп-онай-ақ бағынса да, қасқаторы онайлықпен көнбестен алдыр мінез танытып, жиреннен озып барып, бозбестімен құйрық тістесе бергенде, үстіндегі бозбала иесін ол да енді есіне алғандай болды. «Жөніңе жүрмеймін, өзімше тартамын» деп арындап тұрып-ақ, бозбестіден озбақ түгілі, жанасып, қатар жүруге де болмасын ақыры сезгендей болып, қасқаторы да тәртіпті мойындады.

Жолаушылар осы суыт жүрістерімен қалың шеңгел мен жабайы жиделердің арасынан әзер өтіп, дария жағасына жеткенде, күн де шығып, дүние ай-жай болған шақ еді.

Сырдарияның бұл тұсында жолаушылар өтетін паром да, көпір де бар екенін Байшұбар Лизадан естіген. Бірақ мұның байқауынша қожайын адам аяғы тиген жерге жолайтын емес. Жолдарында кезіккен бес-алты үйден тұратын шағын ауылдың өзін орағытып өтті. Бұларды ол ауылдың адамдары түгілі, анда-санда ұшырасар жүргіншілерге ермек үшін үретін саққұлақ иттерінің өзі де біле алмай қалды. Өйткені әлгі ауыл жатқан қыңқ еткен ит дауысы да естілген жоқ.

Дарияның да суы қайтып, екі бөлініп ағып жатқан кезі екен. Қожайын жағаға да аса бөгелместен, жайылыңқырап аққан тұсынан бозбестіні суға салды. Сонда ағын су бозбестінің үзектілігіне кейде тиіп, кейде тиген жоқ. Артынша жирен мен қасқаторы да бозбестінің соңынан ерді.

Ахмет қайырға шыққан соң, бірден дарияның екінші бөлігіне ұмтылмай қайырмаң жағалап, жарты шақырымдай төмен жүрді. Ағайынды екеудің ісі оған еру ғана. «Неге былай етпейміз» деген ой бастарына келе қалғанда да, бәрібір сұрауға батылдары жетпес еді.

Жарты шақырым шамасында жүріп барып, қожайын атын тағы да суға салды. Келесі бөліктің суы молдау екен. Үшеуінің де аяқтары суға батып отырды. Бағу көрмеген қоны төмен аттар болса, бәлкім ағыспен бірге біраз ағып та кетер ме еді, әлде қайтер еді... Ағайындылардың қыс бойы, көктем бойы берген жем-шөптерін жануарлар ақтады. Бозбестінің өзі бастап, жирен мен қасқаторы қостап, дарияның ағысын қақыратып тілді де отырды...

Жағаға шығып, аттар суларын сілкінісіп тұрғанда Байшұбар іштей: «Мына қожайын дариядан жылына неше мәрте өтіп жүрген болды-ау» деп ойлады. «Қай жерінде қанша су бар екенін де шелекпен өлшеп қойғандай ғой...».

Шертайдың ештеңемен шаруасы жоқ. Оған сулан өткен де, жағаға шыққан да... бәрі-бәрі ғажайып ертегі секілді. Езуінде күлкі. Алыс көкжиектерден көз алмайды. Енді бірде төңіректі қызықтап бітіргендей, аузы ашылып, көктегі ала шарбы бұлттарға қарап отырғаны.

Дариядан өткен соң да аттылылар мүлдем жолсыз жерлермен жүріп, тағы да жабайы жиделердің, қалың өскен шөңгел-дердің арасынан өтті. Сосын жыңғыл мен жантақ араласа біткен кең алқаппен ұзақ жүріп барып, аумағы атшаптырымдай көлге кезікті. Шамасы дарияның жыл сайынғы көктемгі тасуынан корек алса керек, жағасы шалғынды. Әр жерде қауқайып өскен кәрі жиде ағаштары. Сол көлеккесі мол, кәрі жиде ағаштарының біріне жете беріп, қожайын атының тізгінін тартты.

Әуелі ат үстінде отырып әлденеден абайлағандай, ол жан-жағына ұзақ қарады. Сосын атынан түсті де, ат тізгінін қатарласа

бере тоқтаған Байшұбардың қолына ұстатты.

Байшұбар мен Шертай қабаттаса жүріп, аттардың үстіндегі қоржындарын алды. Жүгендерін сыпырып, көлге жетелеп барып суарып қайтқан соң, ер тоқымдарын сыпырып, аяқтарын тұсап, шалғынға қарай айдады.

Бұл кезде күн тал түске таянып, күннің қызуы күшіне енген шақ еді.

Қожайын мылтығын асынған күйі барып, көл суына беті-қолын жуып, жиденің қалың көлеңкесіне жайғасқан соң, саусағын шошайтып, қоржындарды алдына алдырды. Өзге мүліктерге тиіспей, азық-түлік салынған қалталардың ғана аузын ашты. Онда да көпке шыдайтын тұз сіңген жылқы еттері мен әртүрлі шетелдік консервілерді кейінге сақтап, ыстық күнде тез бұзылатын көкөніс, картоп, тауық еттеріне қол салды.

Байшұбардың жол бойы баққаны - Ахмет қожайын еді. Таңданарлығы «бірге жол жүріп бара жатырмыз-ау» деп

келе жатқан ағасының өзі де ат үстінде басы бірде төмен түсіп, бірде көтеріліп, желмен шайқалған күнбағыстай қалтақтап отыр еді.

Таң атар шақта төңірек салқындалы. Байшұбарды қайдам, Шертай кәдімгідей тонды да. Бірақ «мен тоңдым» деп айтуға ағасынан ұалды ма, әлде қожайыннан сескенді ме, анығы өзіне де түсініксіз еді.

Әйтеуір күндізгі ыстығына әзер шыдайтын даланың түнде осынша салқындауына бозбала жігіт бір жағынан қатты таңырқап та отырды.

Көз жетер жерде қылтан шөп атаулы бітіп, аттар анда-санда ғана ұшысарар бұйра төбелі тақыр даламен келе жатқан. Енді аттардың тұяқтарының тақұр-тұқы-ры ұйқылы-оюу кісіге айналаны көшіріп жіберердей үреймен естіліп келе жатты да, нағыз құм төбелерден өтерде аттар батпақтап келе жатқандай малтыға бастады.

...Бұл атақты Қызылқұмның шеті еді.

Ағайынды екеу де олардың астындағы аттар да болдырып шаршап, ілбіп басып

үш батырды да, «енді сен қаз» дегендей Байшұбарға ұстата берді. «Кұмнан құдық қазу онай. Тайыздан шығады» деген сөзді Байшұбар талай естіген. Сондықтан қожайын қолына шолақ күрек ұстаған бойда-ақ мұның ойына құдық қазу жайы түсе кеткен-ді.


Құдық қазуға Байшұбар тіпті де киналған жоқ. Ысылдаған құмды оңды-солды лақтыру ол үшін ермек етер іс қана сияқты еді.

Құдық тізеге жеткенде құм ылғалданды. Ылғал құмды сыртқа лақтыру тіпті де онай-тын. Оның үстіне ылғалдың лебі мұны күннің алаулаған ыстығынан қорғағандай болды да, құдық ішіне Байшұбар тізесін бүгіп, аз-кем тыныстап отырды. Жанын жай таптырған сол сәттегі рахат-ай!

Ол тіпті іштей құдайдан одан әрі «өзім қазайын» деп қожайынының күрекке жармасауын, інісінің де әзірге ұйқыдан оянабауын тілеген.

Құдық төрендігі кіндікке жеткен кезде құм суланды. Одан әрі күрек бойы

ЖЫЛПАНЫҢ



Т.Нұрмағанбетов

қазғанда, ана бұрыш, мына бұрыштан көз жасындай саулап шыққан суды қызықтап, әрі даладағы аптапқа да асықпай Байшұбар құдық түбінде ұзақ отырған.

Бұл түнеген жерге қайта оралғанда, Ахмет пен Шертай қалың сексеуілдің көленкесіне газет жайып, танертенгі ас қамына кірісіп жатыр екен. Қожайын бұл жолы тұз сіңген жылқы етінен, әсіресе қазысынан мол турапты. Сыыр етінің консервісін де ашыпты. Маңдайына қытай әріптері жазылған, шамасы төрт әлде бес литрлік термос та кокиып дастарқан шетінде тұр.

Қожайынның қолының ашықтығына бұрында риза Байшұбар, бұл жолғы мәрттігіне айрықша тәнті болғаны... Тым болмаса құда жолсапарда үнемшіл шығар-ау деп ойлаушы еді, сөйтсе әлі де ағыл-тегіл...

Байшұбар ішінен «Сонда қожайынымыз бізге қайтар жолда не бермек?» деп ойлай берді де, тағы да мылтыққа көзі түсе кетті. Мылтықты көрген соң-ақ көңілі орныққандай болып, қалбырда қалған суға қолын шайып, дастарқан шетіне жайғаса берді.

Асықпай ас жеп, одан соң қожайын құйып, ұсынған көкшайдан да анда-санда бір ұрттап қойып, Байшұбар өзіне бір қырын отырған қожайынының жүзіне ұзақ қарады. Бір аулада көптен бірге тұрып жатырмыз дегенімен, дәл жақыннан емін-еркін көз тоқтатуы да осы жолы-ақ шығар. Жол-жөнекей үнемі алда жүріп отырды. Ал анда-санда бұған бірденені нұсқап, әлде жұмсағысы келіп бұрылған сәтінде, бұл батылы жетіп, тіктеліп қарай да алмайды. Неге екенін... Әйтеуір, жасқаншақтап, төменшіктей қалады.

Қазіргі алысқа қарап, жеген асын ұзақ шайнап, соңынан қантсыз көк шайдан ұрттап қана отырған сәтінде де, Ахмет мырза өте сұсты-тын. Жиіктерін ақ шалып, аражіктері қосылып кеткен өсіңкі сақал-мұртына қарап та, оның анық жасын дәл басып айту өте қиын еді. Елуде деуге де, алпыста деуге де болады. «Жетпісті жағалап қалған-ау» десен де базбіреулердің бас шайқап, күмән қылуы екіталай. Ширақтығы мен әлі де күш-қуатының барлығына қарап секем алмаса...

Қазір ғана Байшұбардың анық байқағаны - оның жолбарыстың көзіндей қанталаған коқшулан көздері тым өткір екен. Сол көздерге қырынан ұзақ қарап отырып, қожайын өзіне оқыс бұрылған кезде неге жасқаншақтап, төменшіктеп қалатынын бұл енді түсінгендей болды.

Қожайынның бұл байқаған тағы бір тосын әдегі - үйден алып шыққан қол радиосының бар екенін, кеше көл жағасында демалған кезде-ақ байқаған. Анда-санда сағатына қарап алып, хабарлар берілер кезде ғана құлағына тосып тыңдайды да, қайтадан құлағын бұрап жауып қояды. Ән-әуенге зауқы жоқ. Қазірде тамақ жеуді бұлардан ерте бітіріп, үстіндегі шолақ жен, жұқа боз бешпетінің жан қалтасынан орамал шығарып, асығыс қолын сүртті де, төс қалтасындағы шыныжырбау қалта сағатын шығарып, бір қарап, қол радиосының құлағын бұрады.

Радио ел президентінің өзге бір елге жасаған сапары, парламенттің кезекті мәжілісі жайлы айтты. Байшұбар білмейтін бір ауданда жана мектеп іске қосылғанын да сөз етті. Сосын диктор ауа райын айта берген сәтте қожайын қол радиосын өшірді де, оқыс Байшұбарға бұрылды. Қарағаны қандай суық. Байшұбар қапелімде қарадай абырлап, сасқанынан інісіне бұрылғанда Шертай шайнандап әлі де ет жеп отыр екен.

Өлден уақыттан соң барып Байшұбар-дың есіне құдық түсті. «Қожайын маған құлықты мегзеп қараған шығар-ау» деп ойлады ол орнынан асығыс тұра беріп.

Көленкеден шыға бере байқағаны - күн жанып тұр екен. Мына түрімен тал түсте, тұс ауа қандай алапат ыстық боларын бір Алла білісін.

8.05.2025 жыл

Құдықтың суы тұнған екен. Қолына алып түскен қалайы тостақпен Байшұбар әуелі өзі ішіп көріп еді, құмның салқын, таза суы жан дүниесін ғажайып рақатқа бөлегендей болды. Тіпті тұла бойынан тер шықты. Сыртта төменге төне қарап отырған Шертай да бір тостағын алып ішіп, тағы бір тостақ су сұрады.

Сәлден соң Шертай тұсаулы аттарды айдап келді. Байшұбардың құдық түбінен алып берген су толы тостағын Шертай іле көтеріп, шайқалып төгілмес үшін, аяғын абайлап басып, аттың аузына апарады. Тәйірі тостақтағы суды ат су десін бе, бір-ақ сіміреді. Ат аузынан босаған тостағын ала сала, Шертай ағасына қайта жүгіреді. Бірте-бірте молайып келе жатқан сулан Байшұбар тағы іліп береді. Шертай тағы да аяғын абайлап басып, тостақ толы суды аттарға ұсынып жатқаны...

Осы әдіспен бұлар үш атты шамасы бір сағат бойы суарған шығар-ау.

Сонан соң Шертай аттарды сексеуілдің көлеңкесіне қарай айдады да, Байшұбар бір

тостақ мөлдіреген суды аяқтарын дақ-дақ басып жүріп қожайынға жеткізген.

Ахмет ішпес бұрын, тостақтағы суға ұзақ қарады да, Байшұбарға бұрылды. Қарасында бұған күдік келтіргендей бірдене болды ма, немене...

Сосын барып суды ішті. Қожайынның да рақат күйге бөленгенін, оның тостақты бұған бірден ұсынбай, бірауық риза пейілмен төңірекке үнсіз қарап отыруынан аңғарды. Бірақ тіл қатпады. Байшұбардың өзін болмаса да, құдықтың суын мақтар деген үміті де адыра қалды.

Ол үндемеген қалпы бұған тостақты қайта ұсынғанда: «Тым болмаса жолға шығар уақытымызды айтар ма екен» деп те дәме-ленген. Ол дәмесіне де жауап болған жоқ.

Бар болғаны аз-кем қозғалып, сексеуілдің көленкесі қалыңдау тұсына жантая берді де, мұнысы «енді ұзақ демаламыз» деген емеуріні сиятанды.

Қожайынның сексеуілдің түбіне қарай жантаюында да мән бар екен. Ұлы сәске кезінде күн жанды. Мұндай ыстықта жолаушы жүрмек түгілі, көленкенің өзінде шыдап отыру мұң болды. Әзірге жандарын алып қалып отырған құдықтың суы. Ағайынды екеу қайта-қайта ішеді. Бірінің үстіне екіншісі тостақпен су құйып жынады. Бұл істері біржағынан жан бағу болса, екінші жағынан екеуіне жетіп-артылған ермек те еді. Қожайын қимылыз. Анда-санда қол радиосының құлағын ашады. Сосын қайта өшіреді. Одан өзге ойы да, ермегі де жоқ жандай.

Тұс ауа құмды жалаңақ басу мүмкін болмады. Құм - құм емес, жайнап жатқан шоқ секілді. Арбіған сексеуілдердің көленкесі де пана бола алмаған кезде, ағайынды екеу тағы бір айла ойлап тапты. Ол айла - құдыққа екеуі кезек түсіп, отырып, денелерін салқындытып тұру еді.

Кезектің осылай нешеме рет қайталан-ғаны да естерінде жоқ. Әйтеуір, қыбыр-лаған жандыны отсыз-ақ қуырардай көрі Қызылқұмның шілдедегі айта берер бір күнті аптабын олар осындай айла-амалмен өткіріп жатты.

Жолаушылар күн батқан соң барып жолға шықты. Тағы да бозбесті алда, жирен мен қасқаторы соңында. Шоқ-шоқ сексеуіл өскен құмды даламен жүріп келеді... жүріп келеді...

Төңіректі қараңғылық басты. Әуелі әр тұстан жұлдыздар самсады. Сосын ай тұды. Жолаушылар дамыл көрместен жүріп келеді.

Құмды даланың кешкі көрінісін қы-зықтап, аспандағы жұлдыздарға зер салып, аппақ болған айға қарап, сыр алдырмай отырған ағайынды екеуді түн ортасы ауа бере тағы да ұйқы жеңе бастағаны. Қалғып, енді болмаса ат үстінен құлап бара жатқан Шертайды ағасы екі рет қамшысының сабымен түрттіп оятып, абырой болды. Шертай да қарыз болып қалмай ағасын бір рет қамшысының сабымен түртті.

Бітпейтін жүрістен қалжыған сәттерде Байшұбар арқан бойы алда бара жатқан қожайынына қатты таңданып отырады. Абыржып жер де шөлмейді. Тіпті жан-жағына бұрылып, зер салып та жатпайды. Қызылқұмның құм төбелерін, өсіп тұрған сексеуілдеріне дейін көңіліне жаттап алған жан секілді, бозбестінің бірқалыпты бүлкіл жүрісімен сыдыртады да отырады. Бұларға бұрылып қарап: «Шаршаған жоқсыңдар ма? Көңіл-қүйлерің қалай?» - деу ойына кіріп те шықпайтындай.

Байшұбар тағы бір ойлап астарда, қасиет қожайынында ғана емес, оның қаншадағы бозбестіде ме деп қалады. Өйткені, кейде болса да ат басын бұрып, яки қамшы салып отырған Ахмет жоқ. Құм төбелерден асып бара жатқан да бозбестінің өзі... Қызылқұмның жан баласы ұшып болмайтын құпия жолдарымен қанша рет күн жүріп, түн жүріп, көкірегіне тоқып алған сыралғы жануар сылт етіп сыр бермеді. Жирен мен қасқаторыныкі де оның соңынан салпаңдап еріп отыру ғана секілді.

(Жалғасы бар)

ЖЕҢІС КҮНІН ЖАҚЫНДАТҚАН ЖОСАЛЫНЫҢ ШОЙЫН МИНАСЫ

Өнім шығару бағытының өзгеруіне байланысты 1939 жылдың 15 маусым күні КСРО Түсті металдар халық комиссарының бұйрығымен автожөндеу шеберханасы тау-кен барлау жабдықтарының қосалқы бөлшектерін жасайтын «Цветметразведка» (Түстіметал-барлау) тресінің құрамындағы Жосалы механикалық зауыты боп қайта құрылды. Зауыттың құрылуы жергілікті ұлттық жұмысшы кадрлар ұжымының қалыптасуын жеделдетті.

Соған қарамастан, алғашқы жылдардан бастап зауыт қиындықтарды басынан өткерді. Зауытта бар станоктар мен өзге де жабдықтар тозығы жеткен, ескі еді. Дәлдікті және сапалылықты қажет ететін күрделі өнімдер жасауға олар жарамсыз болды. Осыларға және өзге де жетіспеушілікке қарамай зауытта техникалық қайта жабдықтау жұмыстары толығымен жүргізілді. Ойдағыдай тез болмаса да, зауыт 1939 жылдың соңғы тоқсандық және 1940 жылдың алғашқы тоқсандағы жоспарын орындап шықты. КА-300 және КА-500 (300-500 метр өлшеміндегі бұрғылау тереңдігі) маркалы станоктар жасауды игерді. Соңғы екі жылда станок паркі мүлдем толықтырылмады. Тек 1942 жылы зауытқа КСРО-ның Европа бөлігіндегі жаудан азат етілген аймақтардан екі бұрғылау, төрт токарлық-винт жонатын, екі револьверный, бір горизонтально фрезерный станоктар жеткізілді.

1942 жылдың 23 қаңтарындағы Мемлекеттік қорғаныс Комитетінің қаулысымен Жосалы механикалық зауытына 82 миллиметрлік шойын мишаларын шығару жүктелді. Бұл «арнайы тапсырма» (спецзаказ) деп аталды. КСРО Түсті металлургия халық комиссарының 1942 жылдың 1 сәуір күнгі бұйрығы бойынша мамырдан бастап айына бір мың дана мина шығару тапсырмасы берілді. Қысқа мерзімде құю цехының ғимараты салынып, шойын мишалар корпусын құйып шығарудың технологиясы игерілді. Шойын мишалар корпусын құю үшін екі үш тонналық, бір бес тонналық вагранка орнатылды. Вагранка дегеніміз домна пешінің шағын түрі.

1942 жылдың 1 сәуіріне зауыт ұжымының тиянақты еңбегінің нәтижесінде «арнайы тапсырманы» орын-

дау үшін 1 станок орнатылып, кей күндері тәулігіне 500 дана мина корпусын шығаратын болды. Мамыр айында 1084 дана, маусым айында – 5802 және шілде айына 5800 дана жоспарланған болса, айдың 22 күнінде 7472 дана шығарылды. Зауыттың барлық цехтарының ұжымдары «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деген ұранмен аянбай еңбек етті. Ер адамдардың барлығы майданға аттанып, олардың орындарын әйелдер мен жасөспірімдер басты. Жоғары дәрежелі мамандар арнайы бронмен жұмыс орындарында қалдырылды. Солардың бірі - менің әкем Әбдіқадыр Аңсатов. Ол кісі зауытта 1936 жылдан 1948 жылы қайтыс болғанға дейін еңбек еткен-ді.

Зауыт ұжымы «Арнайы тапсырманы» мерзімінен бұрын орындап еңбекте ерлік жасады. Адамдар қоғам мен Отан алдындағы парыздарын орындады. 1942 жылдың тоғыз айында 62750 мина шығарып оны майданға жөнелтті, 1943 жылдың бірінші тоқсанында 23058 дана 82 мм шойын мишалар шығаруды қамтамасыз етіп, жоспарды 128 пайыз орындады., еңбек өнімділігі 148 пайызға дейін артты. Тауардың өзіндік құны 5 пайызға төмендеді. Әрбір бесінші жұмысшы стахановшы, әрбір алтыншы еңбек екпіндісі атанды.

Соғыс уақытында Кеңестер Одағының батыс аймақтарынан зауытқа қажетті станоктар ғана емес, жоғары дәрежелі инженерлер, жұмысшы мамандар көшіріп әкелінді. Солардың бірі техника ғылымдарының докторы, соғысқа дейін Киев қаласындағы Микоян атындағы технологиялық институттың профессоры Глеб Михайлович Знаменский еді.

Глеб Михайлович 1941 жылдың желтоқсан айынан 1942 жылдың қараша айына дейін Жосалы механикалық зауытының бас инженері қызметін атқарды. Ол өзінің осыған дейінгі инженер-технолог ретіндегі білімі мен бай іс тәжірибесінің арқасында зауыт жұмысының технологиясын қалыпты жолға қойып өндірісін дамытты, зауыт өмірін соғыс жағдайына бейімдеді.. 1943 жылдың 26 сәуір күнгі Халық комиссариатының бұйрығымен зауытта мина шығару жұмысы тоқтатылды. Мұның негізгі себебі неміс - фашист

басқыншылары жеңіліс тауып кейін шегіне бастаған болатын. Жосалы зауыты майдан шебінен тым қашықта болғандықтан Жосалы механикалық зауыты шығаратын өнімдерді жаудан азат етілген территорияға орналастырды.

Жосалы механикалық зауыты ұжымынан 21 жосалылық соғысқа аттанып оралмай қалды. Олар: В.Асанов, Ж.Абуев, Е.Блинов, С.Бейімбетов, В.Ткаченко, А. Восхутдинов, Б. Деникин, Т.Еспембетов, К.Еркебаев, Кенжебеков, Б. Қожакеев,Сейімбетов, В. Ткаченко, М.Туганов, Т. Исмаилов, Боранкуллов, Симбиркин, Н.Бодыков, Сьемщиков, Д.Жапашев, Н.Боико, Самойлов.

Тылда жұмыс істеп жүргендер, оның ішінде соғыс мақсатындағы қару-жарақтар шығару өндірісінде істегендер демалыс дегенді білген жоқ. Күні-түні жұмыс істеді десек те болады. Менің әкем бұдан да майданда қан көшіп жүрген дұрыс шығар дейді екен.

Зауыт жұмысы гудокпен басталатын. Басталудан бір сағат бұрын ұзын гудок, жарты сағат қалғанда екі қысқа гудок. Гудок дауысы кенттің барлық шетіне жететін, оны естіпей қалу мүмкін емес еді. Жұмыстан кешігіп қалғаны үшін қандай жаза берілетінін білмедім. Кешіккені үшін берілетін жазадан қорыққаны және жауапкершіліктен шығар, әкем үйіміздегі шынжыр баулы, маятник тілді қабырғада ілүлі тұратын сағатқа сенбей, мені көршілерден уақыттың қанша, сағаттың нешені көрсетіп тұрғанын біліп келуге жиі жұмсайтын.

Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін армиядан оралғандар зауытта еңбек етті. Техникалық бақылау бөлімінің бастығы В.А.Языков, нормалаушы К.А.Клинец, мастер М.Томанов, кадр бөлімінің бастығы, әрі партком хатшысы Б.Алжаев,токарь Д.А.Терещенко, заңгер-кеңесші И.М.Панин, мастер, кәсіподақ комитетінің төрағасы А.Қаржауов, клуб меңгерушісі Б.Алманов және басқалар барлық еңбек жолын зауыт өндірісіне, жастар тәрбиесіне арнады. Бұл көркем сөз емес, шын мәнінде солай еді.

1970 жылы Ұлы Жеңістің 25 жылдығына «Ешкім де ұмытылмайды, Ешнәрсе де ұмытылмақ емес!» деп атап соғыста қаза болғандардың құрметіне биіктігі 5 метрobelisk орнаттық. Obelisk жобасының авторы корей

ұлтының азаматы Виктор болды. Кәсіподақ комитеті отыратын кеңседен «Олар Отанын қорғады» деген стенд жасап, «Еңбек және әскери даңқ» бөлмесін жабдықтадық.

1989 жылы Жосалы механикалық зауытының 50 жылдығын атап өту мақсатында сол кездегі зауыт директоры, білікті инженер, ірі ұйымдастырушы, жаңашыл күрескер азамат Қанатбаев Абпаз Нұрмаханұлы арнайы жұмысшы тобын құрып дайындық жұмыстары жасалды. Жұмысшы топ зауыт тарихымен айналысып мұрағат құжаттарының мыңдаған парақтарын ақтарып, «Жосалы механикалық зауыты – жарты ғасыр қатарда» деген шағын кітапша шығарды. Осы деректер сол кітаптан алынған. Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында жаңағы айтқан кітапшадан «Кызылординские вести» газетіне Абпаз орыс тілінде, мен «Сыр бойы» газетіне қазақ тілінде мақала жарияладық. Зауыт тарихында 11 директор басшылық жасаған. Олардың екеуі ғана қазақ азаматтары. Бірі Күсепов Әнуар және Қанатбаев Абпаз Нұрмаханұлы. Абпаз өзінің еркін ойлы, өктемдікке көнбейтін, демократияшыл ұстанымымен Мәскеудегі «НПО Геотехника» және осы ауданның басшыларына жақпай қалып директорлықтан босап қалды. НПО (Ғылыми өндірістік бірлестік) айдың бетінен топырақ қазып алған күрделі жабдықтың жоба-сызбасын жасап, оны өздері жасап шығарған алып ұйым болатын. Бірлестік басшылары-техника ғылымдарының докторлары, академиктер, КСРО мемлекеттік сыйлық иелері және Социалистік Еңбек Ерлері деген атақтары бар ірі тұлғалар болатын. Бірлестік Жосалы механикалық зауытының техникалық қайта жабдықтау істеріне мойын бұрмады және ондай ниеттері де болмады. Сол кездегі жергілікті партия-кеңес басшылығы зауыт басшылығынан жоспардың орындалуын, яғни көрсеткіш сұрағаннан өзгені білмеді. Зауыт директоры Абпаз Қанатбаев есеп беруге барған сайын НПО басшылығына үнемі айтумен болды, көздерін жеткізуге тырысып бақты. Болмағасын Абпаз Жосалы механикалық зауыты 1939 жылдан бергі ескі апатты жағдайдағы ғимараттарда жұмыс істеп келеді. Шовинистік ұстанымдарыңды, қазақ ұл-

тына дискриминация жасағандарыңды қашан тоқтатасыңдар, деп шамырқанды.

Зауыт өнім шығарумен қатар адам, ұрпақ тәрбиесімен айналысты. Қоғамдық комсомол, кәсіподақ, партия ұйымдары белсенді жұмыс істейтін. Әрбір өндіріс цехында «Станочник» «Литейщик», «Ремонтник», «Энергетик» деп аталатын қабырға газеттері, «Комсомольский прожектор» «Молния!» шығарылатын.

Жұмысшылардың жалпы жиналысында зауыт директоры ұжымдық келісім шарттағы директор міндеттерінің орындалуы жайлы есеп беретін. Белсенді жұмысшылардан, кәсіподақ жетекшілерінен сын естіп қара терге түсетін..

Механикалық зауыттың клубында аптаның алты күнінде кино көрсетіліп, әр сенбі мен жексенбіде биге жиналатын едік. Клубымыз кенттегі бірден-бір мәдени ошақ болатын. Онда әрбір даталы күндерде жастар кеші ұйымдастырылып жүрді. 14 мың томдық кітап қоры бар кітапханамыз болды. Полина Гавриловна Долдырина деген кітапханашымыз керемет жан еді. Зауыт еңбекшілерінің балалары үшін екі бала (ясли мен сад) бақшамыз болды. 20 мың шаршы метрлік тұрғын үй (красный, северный городок) фондымыз болды. Жұмысшылар кезекке тұрып тегін баспана алатын.

Қорыта айтқанда, зауытта еңбек ету үлкен жауапкершілікпен бірге қызықты өмір еді. Зауыт – тәрбие, зауыт – тәлім. «Бірі барлығы үшін, барлығы біріміз үшін» деген ұранмен еңбек еттік. Ұжымдағы бір отбасындағы кикілжінді білсек бей-жай қарамай, жиналыс жасап талқылайтын үрдіс қалыптасқан. Мектептегі баласы сабақ үлгерімі нашар болса, мектептен зауыт басшылығына хат келетін. Сабақ үлгермейтін баланың ата –анасына ықпал жасайтынбыз. Осылардың барлығына ондаған мысалдар келтіруге болады...

Зауыт – еңбекқорлар ұжымы. Демократия да осында. Зауыт ұжымы Абпаз және мен сияқты азаматтар үшін үлкен мектеп еді.

Аңсамт ӘБДІҚАДЫРҰЛЫ
қоғам қайраткері

Белгілі жырау, Мәдениет қайраткері Берік САЙМАҒАНБЕТОВ:

ЕРЛІК ПЕН ЕЛДІК ҰШТАСҚАН ТҰҒЫРЛЫ ЖОЛ

XX ғасыр адамзат тарихындағы ең қанқұйлы кезеңдердің бірі ретінде Екінші дүниежүзілік соғыспен ерекшеленеді. Бұл соғыс тек қана жаһандық геосаяси мүдделердің қақтығысы емес, соныменқатар адамзаттың төзімділігі мен рухының сыңға түскен алаңы болды. Әлем тарихындағы осы кезеңде қазақ халқының көптеген ұл-қыздары майдан шебінде ерен ерлік көрсетіп, ұлт рухының асқақтығын дәлелдеді.

Солардың бірі – Сыр бойының перзенті, Кеңес Одағының Батыры Тәйімбет Көмекбаев. Оның өмірі – тек әскери ерліктің ғана емес, сонымен бірге отансүйгіштік пен азаматтық жауапкершіліктің жарқын үлгісі.

Тәйімбет Көмекбаев 1896 жылы Сыр өңіріндегі Қармақшы ауданына қарасты №10 ауылда дүниеге келген. Қазіргі Тұрмағамбет атамыздың атындағы ауыл. Сыр бойының табиғаты мен дала өмірінің тіршілігі оны жастайынан шыдамдылыққа, еңбекқорлыққа және өр мінезділікке баулыды. Дала мектебі – көшпелі тұрмыстың даналығы мен тіршіліктің шынайы сабақтастығы еді. Жас Тәйімбет бала күнінен жылқы бағып, табиғатпен тіл табысқан төзімді де ширақ ұлан болып өседі.

Ауылдағы қоғамдық қатынастар, үлкенге құрмет пен кішіге ізет секілді дәстүрлі тәрбиенің ықпалы оны өз ортасында сыйлы азамат ретінде қалыптастырды. Жылқышы кәсібі оны ептілікке, төзімділікке және байқағыштыққа баулыды – бұл қасиеттер кейінірек барлаушылық міндеттерде таптырмас қабілеттерге айналды және осы мінез үлкен жетістіктерге жетелейді.

1941 жылы басталған Ұлы Отан соғысы бүкіл Кеңес одағы көлеміндегі халыққа ауыр сынақ әкелді. Жасы өлуге таяп қалғанТәйімбет Көмекбаев өз еркімен майданға сұранып, ел алдындағы азаматтық борышын өтеуге бел буады. Бұл шешімінң өзі үлкен ерлік еді. Жасы мен денсаулығына қарамай, ол соғыстың ең алғы шебіне барып, жауға қарсы күреске белсене араласты.

Ол І-ші Украина майданы құрамындағы 21-армия, 128-атқыштар дивизиясының 533-полкіне қарасты бөлімшеде барлаушы, әрі бөлімше командирі ретінде қызмет етті. Майдандағы алғашқы күндерден бастап-ақ оның туа біткен батырлығы, тактикалық қырағылығы мен батыл шешімдері әскери басшылық тарапынан жоғары бағаланды.

Тәйімбет Көмекбаев қатысқан ең ауқымды ұрыстардың бірі Познань қаласы маңындағы барлау операциясы болды. Бұл ұрыста оның басқаруындағы шағын барлаушылар тобы жау шебіне күтпеген жерден шабуыл жасап, 37 жау солдаты мен 2 офицерін ұрыссыз қолға түсіреді.

Мұндай табысты операция майдан шебінде сирек кездесетін ерліктің үлгісі болатын.

Соғыстың шешуші кезеңі саналатын Одер өзенінен өту операциясында да ол асқан ерліктің үлгісін көрсетеді. Бөлімшесімен жау бекінісін басып алып, жаудың бірнеше дүркін шабуылына төтеп беріп, шепті сақтап қалады. Бұл шайқаста ол жаудың станокты пулеметін жойып, 60-тан астам фашисті жойып, 12-сін тұтқынға алады.

Кейінгі Бриг қаласы үшін болған ұрыста және Ванни қаласының түбіндегі шайқаста да ол жаудың жеті мәрте жасаған шабуылына қарсы тұрып, өз бөлімшесін аман сақтап қалады. Бұл ерліктері Тәйімбет Көмекбаевтың тек физикалық ержүректілігі емес, сонымен қатар әскери тактикаға бейімдігін көрсетеді.

1945 жылдың 10 сәуірінде КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Тәйімбет Көмекбаевқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Бұл сол дәуірдің ең жоғары әскери марапаты. Сонымен қатар ол Ленин ордені мен жауынгерлік медальдармен марапатталады.

1945 жылы 24 маусымда Мәскеуде өткен Жеңіс шеруіне қатысу бақыты да оған бұйырды. Бұл тарихи оқиға оның ерлігіне берілген халықтық әрі мемлекеттік деңгейдегі ең жоғары баға болды. Тәйімбет Көмекбаев – Жеңіс шеруінде сап түзеген санаулы қазақ батырларының бірі.

Соғыстан кейін Тәйімбет Көмекбаев туған еліне оралып, бейбіт өмірге белсене араласады. Ауыл шаруашылығы саласында еңбек етіп, соғыстан кейінгі моралдық және материалдық тұрғыда тұралаған елді қалпына келтіру ісіне атсалысып, елдің дамуына үлкен үлес қосты. Ел ішінде оның қарапайымдылығы мен еңбекқорлығы, бастаған ісін аяғына дейін жеткізетін жауапкершілігі ерекше сый-құрметке ие етеді.

Ол жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуге атсалысып, өзі өмір бойы ұстанған адалдық, жауапкершілік, еңбекке деген құрмет сияқты қағидаларды насихаттап отырды. Тәйімбет Көмекбаевтың бейбіт өмірдегі әрекеті соғыс даласындағы ерлігін толықтырып, майдан мен бейбіт өмірдегі еңбектің үйлесімін жасады деп айтуға болады.

Тәйімбет Көмекбаевтың есімі халық жадында мәңгілікке сақталып келеді. Қармақшы ауданындағы бір ауыл оның есімімен аталады. Аудан орталығындағы №250 мектеп-лицейге де батырдың аты берілген. Жосалы кентіндегі көше мен Тұрмағанбет ауылындағы ескерткіш мүше – осы тұлғаны ұрпақ жадында мәңгі қалдыру жолындағы игі істердің көрінісі.

1996 жылдан бастап батырдың рухына арналған түрлі тағылымды шаралар, еске алу жиындары ұйымдастырылып келеді. Бұл – елдің

өз батырына деген шынайы құрметі мен ұлт тарихына деген адалдығының көрінісі.

Батырдың ұлы Бағбан Тәйімбетов – Қазақстан Республикасы прокуратура органдарында ұзақ жылдар абыройлы қызмет атқарған, әділет саласының білікті де, беделді өкілі, прокуратураның генерал-майоры. Ол өзінің кәсіби жолында заңдылық пен әділеттілікті басты ұстаным еткен, мемлекет мүддесіне адал қызмет



еткен тұлға ретінде танылды. Сонымен қатар, ол – әкесі Тәйімбет Көмекбаевтың ерлік жолын насихаттауда, батырдың есімін ұлықтауда ерекше еңбек сіңірген азамат. Батырға арналып өткізілген барлық қоғамдық-мәдени шаралардың, мемориалдық нысандардың ашылуы мен ғылыми-публицистикалық еңбектердің жарық көруіне бастамашы болып, ұйытқы болды. «Өке аманатына адалдық – ұлдың парызы» деген қағиданы өмірлік ұстаным еткен Бағбан Тәйімбетовтің бұл әрекеттері ел жадындағы ерлік пен тарихи жадыны сақтауға қосқан сүбелі үлес болып табылады.

“Ел шетіне жау тисе, ер етігімен су кешер” деп ертеден ер намысын ту еткен халқымыз үшін Тәйімбет Көмекбаев сынды ұландар – тірі шежіре, өшпес өнеге. Ол – батырлықтың балуанындай, отансүйгіштіктің ордасындай, азаматтықтың айғағындай тұлға. Оның өмір жолын зерделеу – тек

бір адамның тағдырын тану емес, тұтас дәуірдің, тұтас ұлттың ар-намысын, рухани биігін тану.

Т.Көмекбаевтың ерлігі майдан даласында ғана емес, ел ішіндегі еселі еңбекте де айқын көрінді. Бұл – нағыз *ерлік пен елдік ұштасқан тұғырлы жол*. Қай заманда да «Ер – елінің қорғаны» болған. Батырдың ұрпаққа қалдырған аманаты – елге қызмет ету, ұлтқа адал болу, шындық пен әділет жолынан таймау. Мұндай



тұлғалардың тағылымды жолы – болашақ үшін темірқазық, рухани бағдар.

«Батыр туса – ел ырысы, жаңбыр жауса – жер ырысы» дегендей, Тәйімбет сынды асыл өкелеріміздің өнегесі – қазіргі ұрпақтың бойына жігер, жүрегіне сенім, санасына ұлт алдындағы жауапкершілікті сіңіреді. Бүгінгі ұрпаққа керегі – дәл осындай ар-намысқа суарылған, ел үшін туған ерлердің ғибраты. Себебі, тарихын ұмытқан ел – тамырынан айырылған бәйтерекпен тең. Ал тамырлы ел ғана – мәңгілік.

Осы орайда Тәйімбет Көмекбаевтың өмір жолын ғылыми тұрғыда тереңірек зерттеп, жас ұрпаққа насихаттау – өткенге тағзым, келешекке ұлағат болар еді. Бұл – тек зерттеушілік парыз емес, азаматтық борыш. Себебі, «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген дана халқымыз үшін өткенді қадірлеу – келешекті кемел етудің келіпі.

ЖЕҢІС КҮНІН АТАП ӨТУ – ЕРЛІККЕ ҚҰРМЕТ

Соғыс жылдары «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» делінетін Ұлы ұран көтерілді. Осы ұранмен әрбір кеңес азаматы, әрбір қазақстандық әскерлерге қолдан келген көмегін аяған жоқ. Қызыл Армияны азық-түлікпен қамтамасыз ету ең басты орында тұрды. Соғыстың алғашқы кезеңдерінде-ақ неміс басқыншылары Кеңес Одағының ауылшаруашылық аудандарын басып алған еді. Оның орнын Шығыс аймақтары толтыруы керек болды. Қызылорда облысы да солардың қатарына енді. Колхоздар мен МТС-терге шебер басшылық жасау, егіс көлемін ұлғайту, мал өнімдерін мол өндіру міндеттері алда тұрды. 1942 жылдың бас кезіндегі мәлімет бойынша еңбекке жарамды адамдар саны 15,8 мыңға азайған екен. Енді соғысқа аттанған ер-азаматтардың орнын жастар, әйелдер мен егде жастағылар басты.

Әрбір колхозшы екі-үш нормадан орындау үшін жұмыс жасады. Далада тамақтанып, далада түнеді. Кәрі демей, жас демей бәрі жұмысқа шықты. 1941 жылы егісті шашу шығармай жинап алуға көп күш жұмсалды. Қызылорда қаласынан аудандарға көмекке 800 адам келді. 4 мың адам қатысқан 7 жексенбілік ұйымдастырылды. Мұғалімдер мен оқушылардың күшімен 9900 гектар егін жиналды. Олар 56 мың еңбеккүн тапты. 1941 жылдың 1 қарашасындағы мәліметке

өзінде-ақ ауыл шаруашылығы саласында жұмыс қолының тапшылығы байқалды. 1941 жылы қазанда қалалық Пионерлер үйінде Қызылорда еңбекші әйелдерінің фашизмге қарсы митингісі өтті. Онда майданның негізгі тірегі саналатын тылдағы еңбекті күшейту, ауылдарға көмекке баруға үндеу жасалды. Түрлі мамандықты игерген қыз-келіншектер ерлермен бірдей иін тіреспіп, Отанның игілігі үшін маңдай терлерін төкті. Майданға аттанған ер-азаматтардың орнын жоқтатпай, тылдағы тірліктің түтінін түтеткен трактор тізгіндеуші – қармақшылық қыз-келіншектер қатарында Боршан Бексебаева, Күлән Жахатаева, Балтай Тасманбетова, Болшан Жанәділова, Құлпаш Ізбаскановалардың болғанын мақтанышпен атай аламыз. Ауданда темір тұлпар-трактор тізгіндеген, отар-отар қой баққан, бейнеттің ортасында жүріп те ұрпақ бойына ілім-білім таратудан тартынып қалмаған «Ақбел» ұжшарының төрағасы болған Ақорын Тілеубаева, Тән Түменбаева, Әлима Наурызбаева, Әлия Оразбаева, Жұмагүл Әділова, Дәме Жұбаевалардың есімдерін құрметпен атауға болады. Ақын Пал Баймаханова халықтың рухын жырман көтерсе, Рабиға Шалабаева партия ісіне, ауданның саяси-қоғамдық дамуына белсене атсалысты.

Айта берсек, облыстың Ұлы Отан соғысының жеңісіне қосқан үлесі ұшан-теңіз. Қан майданында Қармақшы ауданының да азаматтары ерлік істерімен көзге түсті. Облыс бойынша Кеңес Одағының Батыры атағын алған 22 қаһарманның қатарында қармақшылық Тәйімбет Көмекбаев болса, жерлестеріміз Смағұл Ысқақов, Тиыштыбай Ешмұратов, Әбдірауық Сатыбалдиев, Ідіріс Тұрмағамбетов, Сәдібек Әйекенов, Қалмырза Жарманов, Әлімбай Әлиасқаров, Әбзали Егізбаев, Шәкіман Бектібаев, Қуанышбай Бисенбаев, Жүсіп Қаратаевтар Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысып, жеңісті жақындатқан ержүрек батырлар болды. Олар қан майданнан елге оралғасын соғыс зардабын тартудай-ақ тартқан туған елдің еңесін көтеруге барынша белсенді араласты. Бірқатарының аты-жөні 2015 жылы шыққан Бегімбай Ұзақбаевтың «Ерлікті сүйген ел нұрлы» атты танымдық жинағында жарияланды. Аталған жинаққа енгені, еңбегені бар бірнеше ардагерлеріміздің есімдерін бүгінде жаңғыртып өту артық болмас. Олар есімі Қазақстанның «Алтын кітабына» жазылған- Қасқыр Наметша, аудандағы ауылшаруашылығын шебер ұйымдастырушылардың бірі. «Республикаға ерекше еңбек сіңірген зейнеткер» атағын алған Қаратай Қуаңбаев, Дәкенов Серік.

1945 жылы кеңес әскері құрамында Жапонияның Квантун армиясымен соғысқа да қатысып, 8 жыл қанды қырғыннан аман шығып, 1950 жылы елге оралған Жалғасбай Тережанов;

Қармақшы ауданының Құрметті азаматы Әнуар Дәуленбаев «Ұрпаққа үлгі болған майдангерлер» атты мақаласында қан майданда да, соғыстан кейінгі бейбіт өмірде де ерліктің, өрліктің, еңбек-қорлықтың ерен үлгісін көрсеткен бірқатар майдангерлер жайында мақала жазды. Онда Ақтөбе ауылынан соғысқа аттанған Ыбырай Дәужігітов, Әбілхан Сейітов, Қыпшақбай Қостанбаев, Ермахан Әлиев, Ермағанбет Мерекөв сынды ауылдастары жайлы тың деректер келтіреді. Осылардың қатарында Жұманазар Кершеев қазақтың батыр қызы Мәншүк Мәметовамен бір взводта соғысқан.

Осы майдангерлердің қатарында Кеңес Одағының батыры Тәйімбет Көмекбаев туралы да қысқаша айтып өту пәрз. Ол кісі 1903(1896) жылы ауданға қарасты 10-шы ауылда дүниеге келіп, 1987 жылы Жосалы кентінде өмірден озыды. 1942 жылы әскер қатарына шақырылған.

128-Псков атқыштар, 533-атқыштар полкінің, 5-атқыштар ротасында барлаушылар бөлімінің командирі болды.

1943 жылы жерлестерімен бірге фашистердің штаб үйіне тұтқиылдан шабуыл жасап, 12 солдатты мен 2 офицерін тұтқынданған.

Познань қаласының түбінде Көмекбаевтың барлаушылары ұрыссыз-ақ 37 неміс солдатты мен 2 офицерін тұтқынға алған. Оның әскери құрамы 1945 жылы Германияның Глестниц қаласына бірінші болып кірген. Ал өзі Колховица қаласының түбіндегі шайқаста дұшпанның атыс нүктесін жойған.

1945 жылдың 6 қаңтарында Тәйімбет Көмекбаев алғашқылардың бірі болып Одер өзенінен өтіп, оның батыс бетіндегі Эйхрид плацдармын ұстап тұрды. Осы жерде болған шайқаста жаудың 5 дүркін шабуылын тойтарды.

Бриг қаласына шабуыл барысында жаудың станокты пулемет тобын құртып, 60 фашистің көзін жойып, 12-н тұтқынға алды.

1945жылғы 8 ақпанда Ванзень қаласы үшін болған қанды шайқаста Көмекбаев басқарған құрама жаудың 7 дүркін шабуылына тегеурінді тойтарыс беріп, бір қадам да кейін шегінбей нағыз ерлік көрсетті.

Қан майданда көрсеткен ерен ерлігіне құрмет ретінде Тәйімбет Көмекбаев 1945 жылы Мәскеудің Қызыл алаңында өткен Жеңіс шеруіне 1- Украин майданының өкілдері қатарында қатысты. Аруақты ер 1987 жылы дүниеден озыды.

Өзінің ел болып еңсе тіктеп, дербестігін жария етіп, шаңырақ көтеру тарихында талай сұрапыл соғысты, қанжоса майдандарды, өлара кезеңдер мен аса қауіпті сын-сағаттарды, сындарлы жылдары басынан өткерген дана халқымыздан кейінгі біздерге «Өткенге - салауат, қалғанға-береке» дейтін өсиет, тарихи тәмсіл қалған.

«Қүркіреп күндей өтті ғой, соғыс» деп Қасым Аманжолөв күңіренсе, Жүмекен Нәжімеденов бір өленінде «Ар жағында Ұлы ызғар сезіліп тұр, Жылтырайтын дүниенің беті ғана» дейді. Осы қисынмен қарасақ, Ұлы Отан соғысына қатысқан әрбір майдангердің есімін ұлықтау кейінгі біздерге мерейлі міндет, қасиетті пәрз.

Әлем тарихындағы алапат соғыстың зардабы тұпсанамызға әбден сіңген. Ал Ұлы Жеңісті жыл сайын атап өту жау жүрек жауынгерлерге, Жеңісті жақындатуға үлесі қосқан барша қандастарымызға деген құрметтің көрінісі болса, жасампаздығымыздың белгісі болып қала бермек.

Мынажас НҰРЛЫБЕК
тарих ғылымдарының кандидаты,
доцент,
Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап кітапхана директоры

ЖЕҢІСКЕ АРНАЙЫ МОНЕТАЛАР ШЫҚТЫ

Қазақстан Ұлттық банкі «Есте қалатын оқиғалар мен біртуар адамдар» сериясынан ҰЛЫ ЖЕҢІС. 80 ЖЫЛ коллекциялық монеталарын айналысқа шығарады.



Монеталарда ерлікпен қаза тапқан қаһармандарды еске түсіретін мәңгілік алау көрініс тапқан. «80» санындағы ою-өрнек жеңіс лентасын бейнелейді және ол Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы элементтерімен үндесетін стильде орындалған.

Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалды. Монеталар номиналы - 200 және 1 мың теңге.

1000 теңгелік монеталар құрамы алтын жалатылған 925 сынамды күмістен жасалған, салмағы – 31,1 грамм, диаметрі – 38,61 мм, түрлі түсті баспа технологиясы қолданылған, дайындау сапасы – «proof», таралымы – 2 000 (екі мың) дана;

200 теңгелік монеталар құрамы нибрасс/нейзильбер қоспаларынан (бикопорлы) жасалған, салмағы – 7,5 грамм, диаметрі – 26 мм, дайындау сапасы – «uncirculated», таралымы – 10 000 000 (он миллион) дана.



200 теңгеліктер еліміздегі қолданыста бар монеталармен бірге еркін айналымда болады.

Коллекциялық монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өзінің белгіленген құнына сай төлемнің барлық түрі бойынша қабылдануға, сондай-ақ елдің барлық банкінде банктік шоттарға есепке алынуға, аударуға, ұсақталуға және айырбасталуға міндетті.

Сырдария ауданы әкімі Б.СӘРМЕНБАЕВ:

БЕЙБІТ ӨМІР СЫЙЛАҒАН АҒА БУЫНҒА ӨЛШЕУСІЗ ҚАРЫЗДАРМЫЗ

Сырдария ауданы әкімі Берік Сәрменбаевтың қатысуымен Отан қорғаушылар күніне арналған салтанатты іс-шара өтті. Мерекелік жиынға Ұлы Отан соғысының ардагері, Сырдария ауданының Құрметті азаматы, 103 жастағы Яхия Тасыров, тыл, Тәжік-Ауған соғысының ардагерлері, Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев, аудандық мәслихат төрағасы Ержан Әжікенов, облыстық мәслихат депутаты Жұмабек Ембергенов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұса Келдібаев, қоғамдық кеңес төрағасы Марат Еспенбетов, Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы Жасұлан Шанкулов, зиялы қауым өкілдері мен аудан тұрғындары қатысты.



Аудан басшысы жиналған қауымды мерекемен құттықтап, Отан алдындағы адал қызметтің маңыздылығын атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Отан қорғау – қасиетті пәрз өрі мәртебелі міндет. Бүгінде Қазақстанның шекарасын бүтіндеп, іргесін бекіттік. Біздің алдымызда тұрған маңызды міндет – осы бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтап қалу» деп атап көрсетті. Тамыры терең тарихымызда жауынгер рухты, жасампаз бабаларымыз бар ғұмырын ат үстінде өткізіп, ел іргесін күзетті. Отан қорғаушылар мерекесі Ұлы Жеңіс күні қарсаңында аталып өтеді. Биыл Ұлы Жеңіске – 80 жыл. Осы жеңіс жолында қаншама қазақстандықтар ұрыс даласында шейіт болды. Елге оралған жауынгерлер еңбек майданында ерен еңбектің үлгісін көрсетті. Аға ұрпақ өздеріне жүктелген істі абыроймен орындады. Бүгінде ортамызда Ұлы Отан соғысының ардагері, Сырдария ауданының Құрметі азаматы, 103 жастағы Яхия Тасыров зор құрметке бөленіп келеді. Бізге бейбіт өмір сыйлаған аға буынға өлшеусіз қарыздармыз. Отан қорғаушылар күнімен баршаңызды құттықтай отырып, Сіздерге мықты денсаулық, бақыт пен татулық, әрбір шаңыраққа береке тілеймін, – деді Берік Әбдіғалпарұлы.

Аудан әкімі бірқатар тыл ардагерлерін «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» мерекелік наградасымен және Алғыс хатпен марапаттап, сый-құрмет көрсетті. Сонымен қатар, бірқатар әскери қызметкерлер, қорғаныс саласында және аудан дамуна еңбек етіп жүрген азаматтар аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы, подполковник Жасұлан Шанкулов Ұлы Отан соғысының ардагері Яхия Тасыровка Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовтың арнайы құттықтауы мен мерекелік сыйлығын табыс етті.



сәйкес, егіс бойынша мемлекеттік жоспар алдыңғы жылымен салыстырған 35 күн бұрын артығымен орындалды. Дәнді дақылдар бойынша 69549 центнер орнына 72940 центнер өткізілсе, күріш жоспары 170 мыңның орнына 178764 центнерге жеткізілді. Мақта өндіруде артығымен орындалды. 1941 жылдың қазан айындағы ақпар бойынша астық тапсыруды «Қармақшы, Сырлария, Жалағаш, Арал және Жаңақорған сияқты 5 аудан мерзімінен бұрын орындаған екен.

Қызылорда облысы 1941 жылы мал шаруашылығын дамыту көрсеткіші бойынша республикада бірінші орынға шықты. Осындай жоғарғы көрсеткіштері үшін облысқа ауыспалы Қызыл Ту мен КСРО Қорғаныс комитетінің Туы тапсырылды.

Қанды қырғын басталысымен Қармақшы ауданындағы барлық ұйымдар мен шаруашылықтар, зауыт-фабрикалардың жұмыстары соғыс жағдайына бейімделді. Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің қаулысына сай Жосалы механикалық зауыты 82 миллиметрлік шойын миналар жасауға көшті. Оның үстіне зауыт түсті метал шығарудан жылдық жоспарды 1943 жылы 110 пайызға, келесі жылы 130 пайызға орындады.

Барша еліміздің еңбеккерлері сияқты қармақшылықтар майданға астық, жылы киімдер жөнелтіп отырды.

Мынадай дерекке тоқтап өтейін: 1943 жылы облыстық «Ленин жолы» газетінде Қызыл әскер қорына өз есептерінен артығымен астық өткізген колхозшылардың тізімдері жарияланды. Солардың қатарында Қармақшының «Бидайкөл» ұжшарының төрағасы Ысқақ Дәлібеков, «Қызыл әскер» ұжшарының төрағасы Қали Бексебаев, «Бозарқаш» ұжшары бастауыш партия ұйымының хатшысы Байғабдылова, Жаңа-жол ұжшарының төрағасы Тәжібаев, Энгельс атындағы ұжшардың төрағасы Шәді Түйіметов және Ленин ауылдық кеңесі атқару комитетінің төрағасы Табынбаев, Чапаев атындағы ұжшардың төрағасы Ыбырай Сейтеновтердің есімі аталады.

Сындарлы уақытта майданға жіберілген азық-түлік өнімдерін дайындауда қармақшылық диқандар мен шопандардың жанқиярлық еңбектерін атап айтпай кету мүмкін емес. Олардың қатарында карт диқан Бисенбай Кеңесбаев, шопандар Адамқайыр Бисенбаев, Айсұлтан Отарбаев, Әбдібай Есірқенов, Омар Сүлеевтер ет, сүт дайындау жоспарын асыра орындап, ерен еңбек өнегесін көрсетсе, тылдағы аудан халқы майданда қаза болған, соғыстан мүгедек болып оралған майдангерлердің отбасыларын назардан тыс қалдырмады. Қара жамылған отбасыларына, мүгедек, жетім-жесірлерге қамқорлық қолын созды.

Өткен жылдың 9 мамырында қызылорда нов.з акпараттық порталында қармақшылық әйел азаматтардың соғыс жылдарындағы еңбектері ерекше аталды. Онда мынандай мәліметтер бар: – «Соғыстың алғашқы жылдарының